Қоршаған ортада әртүрлі құбылыстар мен үдерістер болып жатады, олардың көпшілігі химия ғылымы түсіндіретін заңдар мен заңдылықтарға бағынады. Химия пәні оқушыларға Жерде адамның тіршілік әрекетіне өте маңызды көптеген табиғи заттар бар екендігін және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау қажеттілігін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл пән оқушыларға заттардың әртүрлілігі мен олардың өзгерістерінің маңыздылығын түсінуге көмектеседі; жаңа заттарды алу мүмкіндіктерін аша отырып, оқушыларды қоршаған ортаның экологиялық жағдайын берілген мәліметтер негізінде нақты бағалауға үйретеді [4].

Химия оқушылардың дүниетанымын дамытуда, әлемнің тұтас ғылыми бейнесін қалыптастыруда маңызды орын алады. Мектепте химияны оқу оқушыларды қоршаған ортада болып жатқан химиялық құбылыстардың мәнін түсінуге жетелейді. Химия оқушылардың сыни және сындарлы ойлауын, сонымен қатар көптеген эксперименттік және тәжірибелік дағдыларын дамыта отырып, проблеманы шешуде шығармашылық тәсілдерді қолдануды қолдайды. Бұл пәнді оқу барысында оқушылардың зертханалық құрал-жабдықтарды қолдану және эксперимент жүргізу дағдылары дамиды. Негізгі және жалпы орта

білім деңгейлерінде «Химия» пәні бойынша оқу мақсаттары бес бөлімге бөлінеді. Бұл бөлімдер меңгерілетін білік пен дағды, тақырып, білім мен түсінік деңгейіне қарай бөлімшелерге бөлінеді. Оқу мақсаттары осы бөлімшелер аясында топтастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары бөлімше аясында оқушылардың қаншалықты алға ілгерілегенін көрсетеді, бұл мұғалімдерге жұмысын жоспарлап, оқушыларды бағалап және алдағы уақытта олардың қандай шешім қабылдаулары қажеттігін анықтап, оны оқушыларға жеткізуге негіз болады. Сонымен қатар, осы пәндер бойынша әзірленген оқу бағдарламаларына негіз болған маңызды қағидат білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1962) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да түсіне алады. Сонымен қатар, «жұмыстау негізіне баланың бұрынғы өз тәжірибесі перне қоры, мағлұматы салынып, дәл айтқанда, балаға танымал жақын нәрседен басталғаны» (Ж.Аймауытұлы, 1929) абзал.

Бұл спиральді білім беру бағдарламасы тұжырымының дамуына себеп болған. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;
- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

• Спиральді білім беру бағдарламасы төмендегідей басымдықтарына назар аударады:
• оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады;
• спиральді білім беру бағдарламасы қарапайым идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді.

Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып, одан әрі дамытылып отыратын спиральді білім беру бағдарламасы моделіне негізделген. Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысында алға ілгерілеуіне орай, олар өздерінің дағдыларды меңгеріп, түсінуіне анағұрлым сенімді бола түседі.

Сыныптан сыныпқа өткен кезде алға жылжу арқылы оқушылар оларға дүниетанымдар аясын кеңейтуге көмектесетін, оларды қалай және неліктен пайдаланатыны тұрғысынан мойындап және бағалап, олар сүйенуі мүмкін дереккөздер аясын кеңейтуге көмектесетін, көбірек тәжірибе мен терең білімдер алады [5].

Әр пәннің өзіндік тілдік стилі бар, оны нақты пәннің «академиялық тілі» деп аталады. Академиялық тіл пән мазмұнын меңгеру, ойлау және осы пәнде қолданылатын ұғымдармен жұмыс істеу қабілетін жақсартуға арналған басты құрал болып табылады.

Сондай-ақ, тілдік мақсаттар мұғалімдер мен оқушыларға оқуға деген ынтасын арттырып, қолдауға көмектеседі. Пән мұғалімдері оқушылардың пән мазмұнын меңгеріп, академиялық тілдерін дамытуын

Егер пәннің тілі анық әрі оқушыларға түсінікті болса, бұл олардың пән бойынша оқу мақсаттарына ғана емес, тілдік мақсаттарға да қол жеткізуіне көмектеседі. Химия пәніне байланысты ғылыми тілді қолдану оқушылардың ықшам және түсінікті сөйлеу дағдыларын дамытуға, химиялық үдерістер мен тетіктерді сипаттау үшін тілдік құралдарды тиімді таңдап пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламаларының ерекшелігі ретінде олардың тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғанын атауға болады. Оқу мақсаттарының жүйесі білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады.

Химия – бұл эксперименталды ғылым. Сондықтан оқыту химиялық экспериментке білімнің шоғырлануы мен бақылаудың құралы ретінде білімнің, гипотезаларды ілгерілетудің және тексерудің қайнар көзі ретінде негізделген. Сонымен бірге, мұғалім оқушының көңілінен шығатын тәжірибелік жұмыс оңай емес екеніне, қайта-қайта жаңа нәрсені білуге деген құштарлығына көз жеткізуі керек. Қазіргі таңда 500-ден астам педагогикалық технологиялар бар. Алайда, осы технологиялардың барлығын химия пәнін оқытуда қолдануға мүмкін емес. Солардың ішінде өз тәжірибемде көп жылдар бойы кеңінен қолданып келе жатқан технологияның түрлерімен бөліскім келеді. Бұл жұмыстың таңдалған тақырыбы қазіргі кезде ең

өзекті болып табылады, өйткені оқушылардың әр түрлі практикалық іс-шараларға белсенді тартуға ықпал етеді және олардың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Теориялық материалдың көп мөлшерін тиімді игеру үшін оқушылардың өзіндік жұмысы жоғарылауы қажет, өйткені олардың өздігінен алған білімдері әлдеқайда жоғары. Педагогикалық технологияларды оқушылардың зерттеу іс-әрекетінің элементтерін енгізу оқушының білім алуына, оның танымдық іс-әрекетіне көмектеседі.

Технологиялық жобаның артықшылықтары:

- Әр түрлі тәсілдермен жұмыс жасап, ондағы жобамен танысып, әр түрлі проблемаларды шешеді.
- Оқушылар критикалық ойлауды қолдана отырып, сабақты өмірмен байланыстырып көрсетеді.
- Оқушыларға жобалар сарапшы болуға, өз араларында бәсекелестік туғызуға, үлкендермен өзара жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұлайша өздерін жетілдіріп, өмірге үйренеді.

Жаңа қолданыстағы педагогикалық технологияның негізі:

- Әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру.
- Оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру.
- Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Тұлғаның кәсіби процесін көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзыреттілігімен байланыста қарастырады.

Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі – білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту болып табылады. Оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады. Оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Көптеген жылдар бойы оқушы жетістігі басқа оқушымен салыстырмалы түрде бағаланып келді. «Бағалау» термині «жақын отыру» латын тіліндегі мағынада-бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады.

Бес балдық бағалау жүйесінен біртіндеп критериалды бағалау жүйесіне көшудің негізі:

- Бес балдық бағалау жүйесінің қазіргі заманға сай білім жүйесін қанағаттандыра алмауы (бағаның субъективтілігі, нақты бағалау критерийлерінің болмауы, бағалаудың дұрыс немесе дұрыс еместігі туралы ақпараттың болмауы);

- Білім беру жүйесіндегі болып жатқан өзгерістер мен осы жүйені басқарудың сипаты арасындағы қайшылықтар;

- Оқушы танымындағы өзгерістер мен білім салаласындағы қалыптасқан қарым-қатынастар сипаты арасындағы қайшылықтар;

- Әлеуметтік сұраныстың өзгеруі.

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер. Критериалды бағалау дегеніміз оқушылар жұмыс барысында орындалатын іс-әрекеттер тізбесі және білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

- Мектепте оқыту сапасын жоғарылату.
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- Оқу бағдарламасының тиімділігін саралайды.
- Оқу бағдарламасына сәйкес оқытудың мақсаты мен нәтижелерінің жетістіктерін оқушылардың өздері талдайды.

- Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілетін бақылайды.
- Сабақтың әр бөліктеріндегі оқушының дайындық деңгейін анықтайды.
- Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындайды.
- Әр оқушының жеке даму траекториясын бақылайды.
- Алған бағасының әділдігіне көз жеткізеді.
- Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді.

Критериалды бағалаудың функциялары: ынталандыру, белсенділік, түзету, дамытушылық.

Принциптері: нақтылық, әділдік, жүйелендіру.

Критериалды бағалаудың құрылымына келер болсақ, білім алушының оқу жылындағы үлгерімі және оқудағы жетістіктері туралы деректерді жинау үшін бағалаудың екі түрі: формативті бағалау (қалыптастырушы) және жиынтық бағалау (суммативті) іске асырылады. Жиынтық бағалау, өз кезегінде, бөлім/ортақтақырыпты, тоқсанды және орта білім деңгейін жиынтық бағалау рәсімінен тұрады. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы негізі қалыптастырушы бағалауда қаланады. Бағалаудың бұл түрі формативті бағалаумен салыстырғанда оқушының қызығушылығын оята қоймайды. Формативті бағалау оқыту процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Формативті бағалау балл және баға қойылмастан, білім алушылар мен мұғалім арасында үздіксіз байланысты қамтамасыз етеді.

Формативті бағалауда білім алушы қателесу және оны түзетуге болады. Бұл білім алушының мүмкіндігін анықтау, қиындықтарды айқындау, анағұрлым жақсы нәтижелерге қолжеткізу, оқу процесін дер кезінде түзетуге көмектесуге мүмкіндік береді. Формативті бағалау оқудағы жетістіктердің өсуіне және дамуына тікелей ықпал ететін және мұғалім мен білім алушылар арасында кері байланысты қамтамасыз ететін процесс. Формативті бағалау оқытудың ажырамас бөлігі болуы тиіс, ол қосымша жаттығулар немесе тест ретінде қарастырылмауы қажет. Оқыту мақсаттары мен оқу бағдарламасының әрбір бөлімі бойынша күтілетін нәтижелер формативті бағалау практикасының мазмұнын анықтайды. Мұғалім формативті бағалау процесінде оқу бағдарламасының барлық оқыту мақсаттарын қамтуы қажет. Мұғалім білім алушылардың жеке ерекшеліктері және оқыту мәнмәтінін ескере отырып тапсырмаларды дайындайды немесе таңдайды. Әрбір тапсырмаға дескрипторлар анықталады. Дескриптор – жетістік деңгейінің сипаттамасы. Сабаққа жоспар жасау кезінде әрбір орындалатын тапсырманың тұсына критерийлер қойып, дескрипторлар шығарып, ұпаймен көрсетіп отырса бағалау әділ болады. Дескрипторларды оқушылармен бірлесе отырып жасауға да болады. Мысалы, химия пәнінен ерітіндіге байланысты есеп шығару тапсырмасы берілді. Есепті шығармас бұрын мұғалім оқушыларға тапсырманы орындауда алдына қандай мақсат қойылғандығын, дескрипторларды түсіндіріп өтеді. Білім алушы дескрипторларға сүйеніп есепті шығару барысында тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиналғанын анықтауға мүмкіндік береді [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.*
2. *«Білім технологиялары» № 3, 2016 ж.*
3. *«Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017 ж.*
4. *Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.*
5. *Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы. – Астана, 2016.*
6. *Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.*

Л.Қ. Жұма¹, А.Т. Хабиев¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОТИПІН ТАЛДАУ НЕГІЗІНДЕ ХИМИЯҒА ҚЫЗЫГУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада «перцептивті модальдылық» терминіне анализ жасалды. Тұлға типтері жетекші модальділік негізінде сипатталады: ақпараттың көп бөлігін көру арқылы қабылдайтын визуалдар; есту жолы арқылы ақпаратты қабылдайтын аудиалдар және олар үшін мәлімет қабылдаудың тиімді жолы дыбыс болып табылады; ақпараттың көп бөлігін жанасу және басқа сезімдер арқылы қабылдайтын кинестетиктер типтегі студенттер жайлы барынша ауқымды мәлімет берілді. «Колледждегі химиялық эксперимент» курсына білімді жалпылау және жүйелеу бойынша сабақтарда әртүрлі психотипті оқушыларға оқу ақпаратын беру ерекшеліктері көрсетілген. Тестілеу нәтижелері перцептивті модальділіктің түрін анықтау үшін беріледі. Келесі тақырыптар бойынша сабақтар әзірленіп, өткізілді: «Бастапқы химиялық түсініктер. Сутегі», «Оттегі», «Азот және оның қосылыстары. Фосфор». Бұл сабақтар оқу ақпаратын беру формаларымен және оларды өткізуді ұйымдастырумен ерекшеленеді. Оқытылатын тақырыптар бойынша оқу материалын меңгеру сапасын анықтау мақсатында студенттердің білімдері диагностикаланды. Студенттердің рефлексия нәтижелері бойынша сабақта ақпаратты ұсынудың әртүрлі формаларын қолдануға қатынасы анықталды.

Түйін сөздер: химия, химияны оқыту әдістемесі, перцептивті модальділік, аудио, көрнекілік, кинестетика, оқу ақпаратын беру формалары, әртүрлі психотиптермен ақпаратты қабылдау ерекшеліктері, мектептегі химиялық эксперимент, психотиптің химияға әсері, оқыту процесіндегі оқыту процесі.

Жұма Л.Қ.¹, Хабиев А.Т.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПОВЫСИТЬ ИНТЕРЕС УЧАЩИХСЯ К ХИМИИ НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ИХ ПСИХОТИПОВ

Аннотация

В данной работе анализируется термин «перцептивная модальность». Типы личности характеризуются на основе ведущей модальности: визуалы, получающие большую часть информации через зрение; аудиосистемы, которые получают информацию через слуховой проход и для них эффективным способом получения информации является звук; Наиболее обширная информация была предоставлена о студентах кинестетического типа, получающих большую часть информации через осязание и другие органы чувств. В курсе «Химический эксперимент в колледже» показаны особенности предоставления учебной информации учащимся разных психотипов на уроках обобщения и систематизации знаний. Приведены результаты теста для определения типа перцептивной модальности. Были разработаны и проведены уроки по следующим темам: «Основные химические понятия. Водород», «Кислород», «Азот и его соединения», «Фосфор». Эти занятия различаются по формам подачи учебной информации и организации их проведения. С целью определения качества учебных материалов по изучаемым темам была проведена диагностика знаний студентов. По результатам рефлексии определялось отношение учащихся к использованию разных форм подачи информации на уроке.

Ключевые слова: химия, методика обучения химии, перцептивная модальность, аудио, визуал, кинестетика, формы подачи учебной информации, особенности восприятия информации при разных психотипах, школьный химический эксперимент, влияние психотипа на химию, процесс обучения в процессе обучения.

L.Zhuma¹, A.Khabiev¹

¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

TO INCREASE STUDENTS' INTEREST IN CHEMISTRY BASED ON THE ANALYSIS OF THEIR PSYCHOTYPES

Abstract

In this paper, the term "perceptual modality" is analyzed. Personality types are characterized on the basis of leading modality: visuals that receive most of the information through sight; audios that receive information through the auditory canal and for them an effective way of receiving information is sound; The most extensive information was provided about students of the kinesthetic type, who receive most of the information through touch and other senses. The course «Chemical Experiment in College» shows the features of providing educational information to students of different psychotypes in the lessons of generalization and systematization of knowledge. Test results are given to determine the type of perceptual modality. Lessons on the following topics were developed and conducted: «Basic chemical concepts. Hydrogen», «Oxygen», «Nitrogen and its compounds», «Phosphorus». These classes differ in the forms of providing educational information and the organization of their conduct. In order to determine the quality of learning materials on the topics studied, students' knowledge was diagnosed. According to the results of reflection, the attitude of students to the use of different forms of presentation of information in the classroom was determined.

Keywords: chemistry, methods of teaching chemistry, perceptual modality, audio, visuals, kinesthetics, forms of presentation of educational information, features of perception of information with different psychotypes, school chemical experiment, influence of psychotype on chemistry, process of learning in the process of learning.

Студенттерде оқытудың әртүрлі стильдері бар-олардың ақпаратты қабылдау және өңдеу тәсілдеріне тән күшті жақтары мен артықшылықтары болады. Кейбір студенттер фактілерге, мәліметтерге және алгоритмдерге назар аударады; басқалары теориялар мен математикалық модельдерге бейім. Кейбіреулер суреттер, диаграммалар және диаграммалар сияқты ақпараттың визуалды формаларына қатты назар аударады; басқалары ауызша формалардан - жазбаша және ауызша түсіндірулерден көбірек мәлімет алады. Кейбіреулер белсенді және интерактивті оқуды жөн көреді; басқалары интроспективті және жеке әрекет етеді. Дегенмен, кез-келген кәсіби сапада тиімді жұмыс істеу үшін барлық оқу режимдерінде жақсы жұмыс істеп мәлімет өңдеулері қажет болады. Сол себепті, олар визуалды және аудиалды дағдыларды қатар дамытуға мәжбүр болады. Ақпарат әдетте екі формада да келеді және оның көп бөлігі осы екі режимде де жақсы жұмыс істей алмайтындар үшін жоғалады.

Профессорлар студенттерінің оқу материалын қабылдауы нашар стиль режимдерін қолдайтын әдіспен сабақ берсе, студенттердің материалды қабылдау деңгейі оқуына кедергі болуы мүмкін. Екінші жағынан, егер профессорлар тек студенттерге ұнайтын режимде сабақ берсе, студенттер мектепте және кәсіпқой ретінде өз әлеуетіне жету үшін қажет ақыл-ой ептілігін дамытпауы мүмкін. Олай болса, білім берудің мақсаты студенттерге тек өздеріне ыңғайлы ғана емес, ыңғайсыз режимде де жұмыс жасау қабілетін қалыптастырып, дамыта білулері қажет. Әрбір модельдік санаттағы оқушылардың оқу қажеттіліктері уақыттың бір бөлігінде болса да қанағаттандырылатынына көз жеткізе білу қажет. Бұл «цикл бойынша оқыту» деп аталады.

Қазіргі уақыт балалары, есте сақтау ойлау немесе берілген мәліметті өорыта білу қабілеттері нашарлай бастады. Чарль Дарвиннің тұжырымдамасы бойынша – жаңа талаптарға икемдене білген жандар немесе түрлер тіршілігін жалғастырады. Бұл сөзбен айтқым келгені, басқа да мамандар секілді “Педагог” маманы әлі де болуы үшін және педагог мамандарға сұраныс көп болуы үшін, біз туындаған ситуацияға икемдене білуіміз қажет. Бұл жерде міндетті түрде мынадай сұрақ туындайды: “Қалайша педагог, мұғалім икемденуі қажет? Не себепті біз икемденуіміз керек?”. Сұрақ жауабы айнадай айқын, әр заттың өзіндік циклі бар. Адам жаны мың жылдық та, екі жүз жылдық та емес. Бәріміз барар жеріміз бір, алайда, ақырғы жолдан бұрын, біз бұл өмірде санасы ашық, көкірегі ояу, елімізді аяғынан тік тұрғызып ұстайтын ұрпақ тәрбиелеп қалдыруымыз қажет. “Педагог” маманы болып жүрген жанның басты мақсаты пән оқытуы емес, болашақ президент, депутат, бизнесмен, политиктерді тәрбиелеу, елін күйіп сүйер жан тәрбиелеу.

Енді, ең басына қайта оралатын болсақ. Оқу стилінің үш түрі бар. Цикл бойынша оқытудың кейбір мысалдарын қарастырмас бұрын, химиялық, инженерлік және жалпы білім беруде тиімді қолданылған оқыту стилінің үш үлгісін қарастырайық.

Перцептивті модальділікке байланысты тұлғаның үш түрі бөлінеді:

1) көру арқылы ақпараттың көп бөлігін қабылдайтын визуалдар. Олар үшін жетекші – бейне, сурет болып келеді;

2) аудиалдар – есту жолы арқылы ақпаратты қабылдайды және олар үшін маңыздысы дыбыс болып табылады;

3) ақпараттың негізгі бөлігін жанасу және басқа да сезімдер арқылы қабылдайтын студенттер – кинестетиктер. Кинестетикалық оқушы үшін тактильділік пен қозғалыс басым болады.

Жоғарыда аталған түрлерден басқа ақпаратты қабылдаудың аралас түрі де ерекшеленеді, онда қабылдаудың екі түрі болады, олардың біріншісі басым, ал екіншісі жасырын түрде болады [4]

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мен «Колледждегі химия» курсы бойынша білімді жалпылау және жүйелеу сабақтарында әртүрлі психотиптегі студенттерге оқу ақпаратын беру ерекшеліктерін анықтадым.

Кесте 1 – «Колледждегі химиялық эксперимент» курсына әртүрлі психотиптерге арналған оқу ақпаратын беру ерекшеліктері

Психотип	Оқу ақпаратын ұсыну ерекшеліктері
Визуал	Міндетті түрде көрнекі құралдарды пайдалану: схемаларды, қондырғыларды немесе эксперименттерге арналған құрылғыларды, графикалық кескіндерді, табиғи объектілерді (химиялық шыны ыдыстар, реактивтер, жабдықтар, құрылғылар және т.б.), бейне эксперименттердің фрагменттерін көрсететін сызбалар.
Аудиал	Тәжірибелермен танысу және жүргізу кезінде міндетті дыбыс сүйемелдеу: эксперименттерді дайындау және өткізу кезіндегі ескертулер мен түсіндірмелер
Кинестетик	Нақты әрекеттер мен операцияларды орындау: реагенттер мен жабдықтарды дайындау, қондырғыларды құрастыру, тәжірибелер жүргізу және басқа операциялар.

Осыған сүйене отырып, мен оқу ақпаратын беру формалары мен сабақтарды ұйымдастыру бойынша ерекшеленетін үш топты әзірледім.

Сабақта «Өз ойынымыз» телебағдарламасы түрінде өткізілген «Бастапқы химиялық ұғымдар. Сутегі» тақырыбындағы тапсырмалар сұрақтар түріндегі презентация материалдарында ұсынылып, жауаптарын студенттер ауызша айтты. Сонымен қатар, олар эксперименттерге арналған қондырғылардың сызбаларын ұсынды, оған сәйкес нақты тәжірибені анықтау, оны жүзеге асыру үшін қажетті реагенттерді атау және оны орындау техникасын түсіндіру қажет болды.

Презентация материалдары «Оттегі» тақырыбындағы сабақта «Жұлдызды сағат» ойыны түрінде де қолданылды, олардың ерекшелігі тест тапсырмаларының, эксперименттердің бейне үзінділерінің болуы болды, оған сәйкес тәжірибені анықтау қажет: оған химиялық реакция теңдеулерін құрастыру, бейне тәжірибеде жіберілген қателерді табу және олардың себептерін түсіндіру болды. Сонымен қатар табиғи объектілерді (химиялық шыны ыдыстар, реактивтер, аспаптар) және графикалық бейнелерді пайдалану арқылы тапсырмалар орындалды.

Сабақта «Азот және оның қосылыстары. Фосфор» тәжірибелер мазмұнының элементтерін көрсететін және кестенің ұяшықтарында кездейсоқ орналасқан сызбалар жиынтығы болып табылатын крест түріндегі графикалық ақпарат басым болды. Олардың негізінде нақты тәжірибені анықтап, оны жүзеге асыру алгоритмін құрастыру қажет еді [3, 10 б.].

Сабақтар алдында біз ақпаратты қабылдау түрін анықтау мақсатында оқушыларды тестілеуден өткіздік. Доминант қабылдау модальділігін диагностикалау үшін С.Ефремцевтің [11] тесті пайдаланылды. Сынақ нәтижелері 3-суретте көрсетілген.

Сызбадан оқушылардың 33% кинестетикаға, 25%-дан есту және көру, 17% қабылдаудың аралас түріне жататынын көруге болады.




Диаграмма 1 – Доминант қабылдау модальділігін анықтау үшін студенттерді тестілеу нәтижелері (С.Ефремуев тесті бойынша)

Алынған нәтижелер оқушылардың 33% кинестетикалық және аудиалды, 34% визуалды қабілеті бар екенін көрсетті. Осылайша, сабақтарға арналған тест деректері негізінде ақпаратты қабылдау түріне сәйкес студенттердің үш тобы құрылды: есту, көру және кинестетикалық.

Әр зерттеу нысаны ретінде өтілген сабақтан кейін өтілген тақырыптар бойынша білім сапасын анықтау мақсатында оқушылардың білімдерін бақылау кесіндісі жүргізілді. Білімді бақылау кесіндісінің




Диаграмма 2 – «Бастапқы химиялық ұғымдар. Сутегі» тақырыбы бойынша алынған бақылау нәтижелері

Алынған нәтижелерге қарағанда, бірінші сабақ ең алдымен есту (100%) және көру (75%), ал кинестетика (25%) ұнаған. Сабақ барысында есту (100%) және көру (75%) белсендірек жұмыс істеді, кинестетика аз белсенділік көрсетті (25%). Оқытудың бұл түрі барлық есту және көрнекі үйренушілерді қызықтырды (әрқайсысы 100%), ал кинестетикалық білім алушылар аз қызығушылық танытты (25%). Көптеген есту (75%) және визуалды (50%) және аз кинестетикалық (25%) оқытудың бұл түрін пайдаланғысы келеді. Оқытудың бұл түрі есту және көрнекі білім алушыларға (әрқайсысы 100% сәйкес) оқытылатын материалдың мазмұнын, ал аз дәрежеде кинестетиканы (50%) жақсы түсінуге көмектесті. Оқытудың бұл түрі тыңдаушылардың 100% және көру және кинестетикалық білім алушылардың 75% сәйкесінше коммуникативті дағдыларды дамытуға ықпал етті. Сабақ барысында студенттердің ешқайсысы қиындық көрген жоқ.

Бұл нәтижелерді сабақта қауіпсіздік техникасы, тәжірибелерді орындау әдістері мен әдістері, сонымен қатар эксперименттік қондырғылар мен аспаптардың графикалық кескіндерін пайдаланатын тапсырмалар бойынша оқу ақпаратын берудің негізінен ауызша түрлері пайдаланылғанымен түсіндіруге болады.

Бұл зерттеу колледждерде де сабақтарды жоспарлау және сабақтарды өткізу кезінде студенттердің перцептивті модальділігін ескеру қажет екенін және сәйкесінше оның жақсы игерілуіне ықпал ететін оқу ақпаратын ұсынудың әртүрлі формаларының комбинациясын пайдалану керектігін көрсетті. Әртүрлі психотиптер бойынша ақпаратты меңгеру ерекшеліктері, білім беру мазмұнын беру формалары және сабақтарды ұйымдастыру формалары туралы студенттердің алған білімдері оларға мұғалімнің болашақ кәсіби қызметінде қажет.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Федеральный государственный образовательный стандарт высшего образования по направлению подготовки 44.03.05 «Педагогическое образование (с двумя профилями подготовки) (уровень бакалавриата)». URL: <http://fgosvo.ru/uploadfiles/fgosvob/440305.pdf> (сілтеме қарау күні: 12.04.2022).
2. Иващенко Г.А., Шкуратова А.П. Организация нетрадиционных форм проведения занятий в соответствии с индивидуальными особенностями студентов как способ повышения творческих способностей // Вестн. Томского гос. пед. ун-та (TSPU Bulletin). 2014. Шығар. 6 (147). – С. 14–17.
3. Шабанова И.А., Ковалева С.В., Семибратова О.С. Использование нетрадиционных форм обучения при изучении дисциплины «Школьный химический эксперимент» // Научно-педагогическое обозрение (Pedagogical Review). 2018. Вып. 4 (22). – С. 72–79. DOI: 10.23951/2307-6127-2018-4-72-79.
4. Евсюткина П.А. Роль модальностей восприятия в сенсорно-перцептивной организации учащегося // Молодой ученый. 2017. № 38. – С. 28-35. URL: <https://moluch.ru/archive/172/45689/> (сілтеме қарау күні: 21.03.2022).
5. Титова С.С. К обзору диагностических методик определения модальностей восприятия // Педагогическое мастерство: материалы IX Междунар. науч. конф. (г. Москва, ноябрь 2016 г.). – М.: Буки-Веди, 2016. – С. 50-53. URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/208/11227/> (сілтеме қарау күні: 15.04.2022).
6. Романова Т.В. Модальность. Оценка. Эмоциональность. Н. Новгород: Изд-во НГЛУ, 2008. 309 б.
7. Филиппов А.В. Сенсорная основа трудовой деятельности человека и изменение ее структуры под влиянием развивающейся техники: дис. ... д-ра психол. наук. – Л., 1973. – 525 б.
8. Бочкарева А.В. Индивидуализированное обучение как фактор формирования саморазвития интеллектуальной сферы подростков: дис. ... канд. пед. наук. – Волгоград, 2000. – 168 б.
9. Гриндер М. Исправление школьного конвейера. – Новосибирск: Изд-во НГУ, 1994. – 74 б.

ӘОЖ 378.147.31

М.С. Кулбаева¹, Ж.Қ. Баименова¹, С.Т. Тулеуханов¹, А.М. Бабашев², Ж.Т. Абдрасулова¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ДӘРІСКЕ ҚАТЫСУ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Педагогикалық зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның биология және биотехнология факультетінің биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасында 2020-2021 және 2021-2022 оқу жылдарында білім алушы 4-курс студенттеріне өткізілді.

Қашықтықтан оқыту форматындағы оқу барысында студенттер дәріс сабақтарын Microsoft Teams платформасында өтті, дәріс-көрнекілік әдісімен, яғни техникалық оқу құралдарын (слайдтар, презентациялар, т.б.) пайдалана отырып, көрнекілік принципін қолданумен дәріс жүргізілді.

Оқу жоспары бойынша 15 аптада жүргізілген зерттеуде бакалавриат студенттердің сабаққа қатысуы Microsoft Teams платформасының көмегімен тіркелді. Студенттердің дәріс уақыты басталған кезден қашықтықтан оқыту жүйесіне кешікпей кіруі, дәріс барысында қашықтықтан оқыту технологиясынан шығып кетпеуі, дәріс сабағына толық қатысуы, себепсіз дәріс сабағына қатыспай қалуы анықталды.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «Хронобиология», «Радиациялық биофизиканың негіздері», «Зерттеулердің физио-биофизикалық әдістері бойынша арнайы практикум» пәндері бойынша студенттердің дәріс сабақтарына кешікпей, белгіленген уақыт аралықтарында толық қатысу деңгейлерінің төмен екендігі анықталды. Зерттелген пәндер бойынша 15 апталық дәріске белгіленген уақытымен толық қатысуы - 50,4%, 63,4%, 63,9%, дәріске кешігіп кіруі -20,1%, 20,4%, 20,0%, дәрістен себепсіз шығып кетуі - 13,0%, 10,0%, 9,3%, дәріске мүлдем қатыспауы - 16,5%; 6,2%; 3,8% анықталды.

Сонымен, қашықтан оқыту бакалавриат студенттерге тиімсіздігі байқалады, өйткені бакалавриат студенттер жоғары оқу орнында алғаш рет өз бетімен, үлкен жауапкершілікпен өзіндік ізденіс жұмыстарына дағдыланады. Алғаш рет білім алу аясында, өз бетімен ізденіс жасауында ұстаздың жан-жақты көмегі қажеттігі байқалады.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, бакалавриат, дәріс, Microsoft Teams платформасы, интернет желісі, ЖОО, студенттер, қашықтықтан оқыту технологиялары, электрондық оқу материалдары, ақпараттық технологиялар.

Кулбаева М.С.¹, Баименова Ж.К.¹, Тулеуханов С.Т.¹, Бабашев А.М.², Абдрасулова Ж.Т.¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ИЗУЧЕНИЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ПОСЕЩАЕМОСТИ ЛЕКЦИЙ СТУДЕНТАМИ В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Педагогическая исследовательская работа проводилась на кафедре биофизики, биомедицины и нейронауки факультета биологии и биотехнологии КазНУ им.Аль-Фараби для студентов 4 курса обучения в 2020-2021 и 2021-2022 учебном году.

В ходе обучения в формате дистанционного обучения студенты проходили лекционные занятия на платформе Microsoft Teams, лекции проводились лекционно-наглядным методом, т. е. с применением принципа наглядности с использованием технических средств обучения (слайды, презентации и др.).

В исследовании, проведенном на 15 неделе учебного плана, посещаемость студентов бакалавриата была зарегистрирована с помощью платформы Microsoft Teams. Установлено, что студенты с начала лекционного времени опоздали в систему дистанционного обучения, не выходили из технологии дистанционного обучения во время лекции, полностью участвовали в лекционном занятии, отсутствовали на лекционном занятии без уважительной причины.

Результаты исследования показали, что по дисциплинам «Хронобиология», «Основы радиационной биофизики», «Специальный практикум по физико-биофизическим методам исследований» студенты не опаздывают на лекционные занятия и имеют низкий уровень полной посещаемости в установленные промежутки времени. Полное посещение 15-недельного лектория по изученным дисциплинам - 50,4%, 63,4%, 63,9%, опоздание на лекцию - 20,1%, 20,4%, 20,0%, выбытие с лекции без уважительной причины - 13,0%, 10,0%, 9,3%, выявлено абсолютное отсутствие на лекции - 16,5%; 6,2%; 3,8%.

Таким образом, дистанционное обучение становится неэффективным для студентов бакалавриата, так как студенты бакалавриата впервые в вузе самостоятельно, с большой ответственностью приобретают навыки самостоятельной поисковой работы. Впервые в рамках обучения, в самостоятельном поиске требуется всесторонняя помощь учителя.

Ключевые слова: дистанционное обучение, бакалавриат, лекция, платформа Microsoft Teams, сеть интернет, вузы, студенты, дистанционные технологии обучения, электронные учебные материалы, информационные технологии.

M.Kulbayeva¹, Z.Baimenova¹, S.Tuleukhanov¹, A.Babashev², Zh.Abd rassulova¹

¹Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan

²Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

STUDYING THE INDICATORS OF ATTENDANCE OF LECTURES BY STUDENTS IN THE CONDITIONS OF DISTANCE EDUCATION

Abstract

Pedagogical research work was carried out at the Department of Biophysics, Biomedicine and Neuroscience of the Faculty of Biology and Biotechnology of Al-Farabi Kazakh National University for 4th year students in the 2020-2021 and 2021-2022 academic years.

During the training in the distance learning format, students took lectures on the Microsoft Teams platform, lectures were conducted by the lecture-visual method, i.e. using the principle of visibility using technical training tools (slides, presentations, etc.).

In a study conducted during the 15th week of the curriculum, undergraduate student attendance was recorded using the Microsoft Teams platform. It was found that students from the beginning of the lecture time were late to the distance learning system, did not leave the distance learning technology during the lecture, fully participated in the lecture session, were absent from the lecture session without a valid reason.

The results of the study showed that in the disciplines "Chronobiology", "Fundamentals of radiation biophysics", "Special workshop on physico-biophysical research methods", students are not late for lectures and have a low level of full attendance at set intervals. Full attendance of a 15-week lecture on the studied disciplines- 50,4%, 63,4%, 63,9%, lateness to the lecture -20.1%, 20.4%, 20.0%, departure from the lecture without a valid reason- 13,0%, 10,0%, 9,3%, absolute absence from the lecture was revealed - 16.5%; 6.2%; 3.8%.

Thus, distance learning becomes ineffective for undergraduate students, as undergraduate students for the first time at the university independently, with great responsibility, acquire the skills of independent search work. For the first time in the framework of training, a comprehensive teacher's help is required in an independent search.

Keywords: distance learning, bachelor's degree, lecture, Microsoft Teams platform, Internet, universities, students, distance learning technologies, electronic learning materials, information technology.

Қашықтықтан білім беру жүйесі қазіргі білім беру саласындағы инновациялық бағыт. Әлемдік білім-ғылым кеңістігінде қашықтықтан оқыту жүйесі қарқынды түрде дамып келеді. Қашықтықтан білім беру жүйесі әр түрлі ақпараттық технологияларды қолдану арқылы, яғни дербес компьютердің көмегімен және интернет желісіне шығу арқылы қажетті дағдылар мен жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Компьютердің орналасқан жерінетәуелсіз, студенттер үйде де, басқа да қашықтықтан оқыту орталықтарының бірінің on-line сыныбында да, сондай-ақ интернетке қосылған компьютер бар кез-келген жерде дәріске қатыса алады. Бұл қашықтықтан оқытудың дәстүрлі оқыту түрлерінен маңызды артықшылығы.

Мамандарды даярлау сапасын арттыру және олардың кәсіби даярлық деңгейін халықаралық талаптарға сәйкес жоғары білім беру жүйесін жетілдіру проблемасы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Тек дәстүрлі оқыту әдістерін қолдана отырып, студенттерді оқытудың тиісті сапасын қамтамасыз ету қазіргі таңда жеткіліксіз. Қашықтықтан оқыту түрі бірқатар маңызды ерекшеліктерге ие және бұл оқу процесін жетілдіру қажеттілігін тудырады [1].

Қашықтықтан оқыту технологиялары жағдайында түлектің білім сапасын құру жүйесі мынадай факторлармен анықталатын болады:

- оқу орнында оқу процесінің бағдарламалық-техникалық жабдықталуы (компьютерлер, бағдарламалық пакеттер мен жүйелер, телекоммуникация және т.б.) құрылуы тиіс;
- студенттердің өзін-өзі оқытуға тұрақты мотивациясы болуы міндетті;
- ЖОО-да материалды өз бетінше зерделеу үшін оқу-әдістемелік құралдар мен ұсынымдар болуы [2].

Қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ету құралдарының бірі электрондық оқу материалдары болып табылады. Қашықтықтан оқыту кезінде студенттердің жұмысын ұйымдастыруға теориялық материалдарды бөлек модульдерге бөле отырып, электронды оқу құралдарының құрылымы көмектеседі. Дәрістердің электронды курсы теориялық оқуды әр тақырып бойынша жеке практикалық тапсырмаларды орындаумен ауыстыру танымдық белсенділікті ынталандырады, оқытылатын пәндерге қызығушылықты арттырады және білімді нығайтуға көмектеседі.

«Студент-Оқытушы», «Студент-Студент» диалогтық режимі қашықтықтан оқытудың құрамдас бөлігі ретінде оқу үдерісін жандандыруға ықпал етеді және оның қарқындылығын арттырады, бұл материалды тез игеруге және есте сақтауға әкеледі. Сондай-ақ, студенттердің дәріс мәтіндерімен, нақты жағдайлармен, электронды оқулықтың басқа материалдарымен анимация, дауыстық сүйемелдеу, гиперсілтемелер құралдарын қолдана отырып, қажет болған жағдайда қайта қарап жұмыс істеуге мүмкіндік алады [3].

Қашықтықтан оқытудың ерекшелігі оқу үдерісінде қолданылатын технологияларға әсері мол. Ең алдымен, бұл оқу үдерісіндегі оқытушының рөліне байланысты. Егер бұрын дәстүрлі білім беру жүйесінде мұғалім білімнің аудармашысы ретінде орталық орынға ие болса, қазір ақпараттандыру жағдайында бұл орын әр түрлі көздерден өз бетінше білім алатын студентке тиесілі. Оқытушы қызметінің мәні өз қызметін жүзеге асыру үшін әдістер мен технологияларды таңдау болып табылады. Мұнда басты рөлді белсенді және дамытушылық оқыту әдістері алады.

Қашықтықтан оқыту технологиялары-бұл ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жетістіктерді барынша қолданумен қатар, дамытушылық оқыту әдістерін, проблемалық және зерттеу әдістерін кеңінен қолдануға негізделген педагогикалық технологиялар [4,5].

Қашықтықтан оқытуды өздігінен білім алуға негізделген танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру ретінде анықтауға сүйене отырып, онда тікелей педагогикалық қарым-қатынас азайтылады, қашықтықтан оқытуды ажырататын және дидактикалық модель құрудың негізін құрайтын дидактикалық принциптерді анықтау міндетті.

Оқытудың тиімділігін түсіну оқыту сапасы ұғымымен байланысты болуы керек.

Педагогикалық тиімділік деңгейін анықтау үшін көрсеткіштердің екі түрін қолдану қажет:

- студенттер үшін педагогикалық тиімділік көрсеткіштері;

- оқытушы үшін педагогикалық тиімділік көрсеткіштері.

Тиісінше, бірінші типтегі көрсеткіштер мыналарды қамтиды:

- оқыту, тәрбиелеу және зияткерлік даму деңгейінің көрсеткіштері;

- студенттердің оқу уақыты шығындарының көрсеткіштері;

- студенттердің жұмысқа қабілеттілік көрсеткіштері;

- студенттердің оқу қызметінің мотивациялық тұрақтылығының көрсеткіштері.

Екінші типтегі көрсеткіштер оқытушының қызметін сипаттайды:

- оқытудың қандай да бір тұжырымдамасын, қандай да бір педагогикалық технологияларды, оқыту құралдарын пайдалану ұтымдылығының көрсеткіштері;

- оқу ақпаратын беруге кететін уақыт шығындарының көрсеткіштері;

- мұғалімнің жұмыс қабілеттілігінің көрсеткіштері;

- мұғалім жұмысының мотивациялық тұрақтылығының көрсеткіштері.

Қашықтықтан оқытудың нәтижелі көрсеткіштерін анықтау үшін ғылыми зерттеулерде жалпы қабылданған әдістер қолданылады: сараптамалық әдіс, эксперименттік әдіс, хронометраж, педагогикалық бақылау, тесттер, сауалнамалар, қол жетімді жерде, бейне жазба, сауалнама, жағдайлық модельдер, бақылау жұмыстары, т.б. Сонымен қатар оқытушының студенттерге жаңа материалдарды игеруге көмектесетін дәрістің жаңа технологиялармен қамтамасыз етілуі [6, 7].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Педагогикалық зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның биология және биотехнология факультетінің биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасында 2020-2021 және 2021-2022 оқу жылдарында білім алушы 4-курс студенттеріне өткізілді.

Жүргізілген зерттеу жұмысында студенттердің қашықтықтан оқыту технологиялары көмегімен жүргізілген дәріс сабақтары зерттелінді.

Педагогикалық зерттеу жұмысының жоспарына сәйкес эксперимент 3 топқа жасалды: 1-топ 95 студенттен құралған «Хронобиология» пәні бойынша білім алушы 5В060700-Биология мамандығының 4-курс студенттері, 2-топ 55 студенттен құралған «Радиациялық биофизиканың негіздері» пәні бойынша білім алушы 5В011300-Биология мамандығының 4-курс студенттері, 3-топ 76 студенттен құралған «Зерттеулердің физио-биофизикалық әдістері бойынша арнайы практикум» пәндері бойынша білім алушы 5В060700-Биология мамандығының 4-курс студенттері.

Қашықтықтан оқыту форматындағы оқу барысында студенттер дәріс сабақтарын Microsoft Teams платформасында өтті, дәріс-көрнекілік әдісімен, яғни техникалық оқу құралдарын (слайдтар, презентациялар, т.б.) пайдалана отырып, көрнекілік принципін қолданумен дәріс жүргізілді. Дәріс сабақтарының бекітілген кестесі, мазмұны, материалдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның «Универ жүйесіне» жүктеліп, салынған. Студенттер дәріс сабағын өту алдын тақырыппен танысуына мүмкіндіктері бар.

Оқу жоспары бойынша 15 аптада жүргізілген зерттеуде бакалавриат студенттердің сабаққа қатысуы Microsoft Teams платформасының көмегімен тіркелді. Студенттердің дәріс уақыты басталған кезден қашықтықтан оқыту жүйесіне кешікпей кіруі, дәріс барысында қашықтықтан оқыту технологиясынан шығып кетпеуі, дәріс сабағына толық қатысуы, себепсіз дәріс сабағына қатыспай қалуы анықталды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Қазіргі уақытта пандемия жағдайына байланысты қашықтықтан оқыту дәрістеріне студент жастардың интернетті, бағдарламаларды пайдалана отырып білім алуын талдау мақсатында жан жақты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Студенттердің негізгі жаңа материалдарды игеруге арналған және өзіндік жұмыстарын орындауға көмектесетін дәрістерге (лекция) қатысу жауапкершіліктерін анықтауға арналған зерттеу жұмысы орындалды.

Педагог оқытуды алдын ала студенттерге ұсынған бағдарламада жүргізеді, оған студент оқытушы бекіткен уақытта кіре алады. Әдетте, мұндай бағдарламаға кіру үшін студент сол бағдарламаға кіруге берілген логин мен парольді алуы керек.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары:

- Білім беру процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалану.
- Білім алушының тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына және материалдық қамтамасыз етілуіне қарамастан білім алудың тең мүмкіндіктері.

Қашықтықтан оқытудың кемшіліктері:

- Интернеттің болмауы, көбінесе бұл шалғай орналасқан елді мекендері үшін қиындық тудырады.
- Интернет желісіндегі сабақтарды мұқият тыңдап отырғанын қадағалау қиындыққа соғады.
- Оқу тапсырмаларын орындайтын тұлғаны анықтау мүмкін еместігі. Қазір көптеген университеттерде үшінші тұлғалардың тапсырмаларды орындауы орын алып жатыр.

Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, қашықтықтан оқыту мақсаттарының келесі топтарын бөлуге болады:

- кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау;
- белгілі бір мамандықтар бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру;
- білімгерлерді жекелеген оқу пәндері бойынша экстернмен емтихан тапсыруға дайындау;
- жалпы білім беретін және кәсіптік циклдің белгілі бір пәндері бойынша студенттердің білімдеріндегі, икемдеріндегі, дағдыларындағы олқылықтарды жою;
- әртүрлі себептер бойынша сабаққа мүлде немесе белгілі бір уақыт ішінде қатыса алмайтын білім алушылардың пәндерді оқуы.

Қашықтықтан оқыту принциптері – қашықтықтан оқыту жүйесінде оқыту және жобалау процесіне дидактикалық және басқа да талаптардың белгілі бір жүйесіне сай жүйелеуді қажет етеді[9-10].

Педагогикалық зерттеу нәтижелері 15 аптаға негізделген дәріс сабақтарында студенттердің дәріс сабағына түгелдей қатысулары, дәрістен шығып кетуі, дәріске кешігіп кіруі, дәріске қатыспауы критерийлері бойынша анықталды. Студенттердің 3 пән бойынша дәріске қатысу нәтижелерін Microsoft Teams бағдарламасының көмегімен анықталды.


«Хронобиология» пәні бойынша білім алушы 5В060700-Биология мамандығының 4-курс студенттері 1-топқа топтастырылды, 95 студенттен құралған. Оқу графигі бойынша 15 аптада өткізілген дәріске студенттердің қатысулары бойынша талдау жасалып, нәтижелері 1-кестеде берілген.

Кесте 1– «Хронобиология» пәні бойынша студенттердің дәріске қатысулары

Жалпы 95 студенттің «Хронобиология» пәні бойынша дәріске қатысулары															
Апта сандары	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Дәріске толық қатысқан студенттер саны	48	51	42	49	54	59	59	58	51	46	53	47	53	46	49
Дәріске кешігіп кірген студенттер саны	22	19	23	20	16	10	14	24	18	15	18	20	22	24	22
Дәрістен себепсіз шығып кеткен студенттер саны	14	15	9	14	13	12	8	7	13	16	14	16	11	14	10
Дәріске қатыспаған студенттер саны	11	10	21	12	12	14	14	6	13	18	10	12	9	11	14
Жалпы студенттер саны	95	95	95	95	95	95	95	95	95	95	95	95	95	95	95

1-кестенің нәтижесі бойынша 15 апта бойында оқу кестесі бойынша студенттердің көпшілігі дәріс сабағына бей-жай қарайтыны белгілі болды. Дәріс сабағына кешігіп кірушілер, себепсіз дәрістен шығатын және дәріске кірмеген студенттер саны анықталды. Жалпы 95 студенттің дәріске белгіленген уақытта нақты кіріп, толық қатысқаны бойынша студенттер саны 42-59 аралықта болды. Дәріске кешігіп кірген студенттер саны - 10-24, дәрістен себепсіз шығып кеткен студенттер саны – 7-16, дәріске қатыспаған студенттер саны – 6-21 аралықтағы студенттер санымен сарапталды.

15 апта бойы жүргізілген дәріске (лекцияға) студенттердің қатысу пайызына талдау жүргізгенде: дәріске белгіленген уақытта нақты кіріп, толық қатысқаны бойынша 50,4%, дәріске кешігіп кірген студенттер - 20,1%, дәрістен себепсіз шығып кеткен студенттер - 13,0%, дәріске қатыспаған студенттер - 16,5% құрады (1-сурет).



Ескерту: ДТҚ – дәріске толық қатысқандар; ДКК – дәріске кешігіп кіргендер; ДСШ – дәрістен себепсіз шыққандар; ДҚ – дәріске қатыспағандар

Сурет 1 – «Хронобиология» пәні бойынша студенттердің дәріске қатысу деңгейлеріне жасалған гистограммалық көрсеткіштері, %


2-топқа топтастырылған «Радиациялық биофизиканың негіздері» пәні бойынша білім алушы 5В011300-Биология мамандығының 4-курс студенттері, жалпы саны 55 студенттен құралған (2-кесте).

Кесте 2 – «Радиациялық биофизиканың негіздері» пәні бойынша студенттердің дәріске қатысулары

Жалпы 55 студенттің «Радиациялық биофизиканың негіздері» пәні бойынша дәріске қатысулары															
Апта сандары	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Дәріске толық қатысқан студенттер саны	21	26	30	36	38	40	37	36	33	38	40	40	35	39	34
Дәріске кешігіп кірген студенттер саны	12	14	11	9	8	9	10	10	12	10	7	9	12	13	11
Дәрістен себепсіз шығып кеткен студенттер саны	9	9	8	6	5	6	4	4	6	3	5	4	4	3	7
Дәріске қатыспаған студенттер саны	13	6	6	4	4	0	4	5	4	4	3	2	4	0	3
Жалпы студенттер саны	55	55	55	55	55	55	55	55	55	55	55	55	55	55	55

15 апта бойында оқу кестесі бойынша жалпы 55 студенттердің дәріске белгіленген уақытта кешікпей, сабақ аяқталғанына дейін дәріске толық қатысқан студенттер саны – 21-40 аралықта болды. Дәріске кешігіп кірген студенттер саны - 7-14, дәрістен себепсіз шығып кеткен студенттер саны – 3-9, дәріске қатыспаған студенттер саны – 0-13 аралықтағы студенттер санымен анықталды.

2-суреттегі гистограмма мәліметтерінен 15 апта бойы жүргізілген лекцияға студенттердің қатысу пайызы көрсетілген. Дәріске белгіленген уақытымен толық қатысқаны бойынша - 63,4%, дәріске кешігіп кірген студенттер - 20,4%, дәрістен себепсіз шығып кеткен студенттер - 10,0%, дәріске қатыспаған студенттер - 6,2% құрады.



Ескерту: ДТҚ – дәріске толық қатысқандар; ДКК – дәріске кешігіп кіргендер; ДСШ – дәрістен себепсіз шыққандар; ДҚ – дәріске қатыспағандар

Сурет 2 – «Радиациялық биофизиканың негіздері» пәні бойынша студенттердің дәріске қатысу деңгейлеріне жасалған гистограммалық көрсеткіштері, %


3-топтағы 76 студенттен құралған «Зерттеулердің физио-биофизикалық әдістері бойынша арнайы практикум» пәндері бойынша білім алушы 5В060700-Биология мамандығының 4-курс студенттерінің дәріске қатысуы анықталынып, талқыланды (3-кесте).

Кесте 3 – «Зерттеулердің физио-биофизикалық әдістері бойынша арнайы практикум» пәні бойынша студенттердің дәріске қатысулары

Жалпы 76 студенттің «Зерттеулердің физио-биофизикалық әдістері бойынша арнайы практикум» пәні бойынша дәріске қатысулары															
Апта сандары	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Дәріске толық қатысқан студенттер саны	49	50	48	53	47	52	49	54	48	55	54	49	50	52	53
Дәріске кешігіп кірген студенттер саны	17	15	10	12	18	14	19	12	15	17	11	22	15	17	14
Дәрістен себепсіз шығып кеткен студенттер саны	8	9	14	8	7	7	6	4	11	2	7	4	5	5	5
Дәріске қатыспаған студенттер саны	2	2	4	3	4	3	2	6	4	2	4	6	6	2	4
Жалпы студенттер саны	76	76	76	76	76	76	76	76	76	76	76	76	76	76	76

Бұл топтың 15 апта бойында оқу кестесі бойынша жалпы 76 студенттердің дәріске толық қатысқан студенттер саны – 47-55 аралықта, дәріске кешігіп кірген студенттер саны – 10-22, дәрістен себепсіз шығып кеткен студенттер саны – 2-14, дәріске қатыспаған студенттер саны – 2-6 аралықтағы студенттер санымен тіркелді.

3-суреттегі гистограмма мәліметтерінен 15 апта бойы жүргізілген лекцияға студенттердің қатысу пайызы көрсетілген. Дәріске белгіленген уақытымен толық қатысқаны бойынша - 63,9%, дәріске кешігіп кірген студенттер - 20,0%, дәрістен себепсіз шығып кеткен студенттер - 9,3%, дәріске қатыспаған студенттер - 3,8% құрады.



Ескерту: ДТҚ – дәріске толық қатысқандар; ДКК – дәріске кешігіп кіргендер; ДСШ – дәрістен себепсіз шыққандар; ДҚ – дәріске қатыспағандар

Сурет 3 – «Радиациялық биофизиканың негіздері» пәні бойынша студенттердің дәріске қатысу деңгейлеріне жасалған гистограммалық көрсеткіштері, %

Зерттеуге алынған студенттер 3 пән бойынша нәтижелерін талдау барысында студенттердің дәріске толық қатысу деңгейлерінің төмен екендігі анықталынды.

Студенттердің дәріске қатысу деңгейлерінің төмен болуына әсер еткен факторлар болуы мүмкін:

- интернет желісінің әлсіздігі;
- интернет желісінің мүлдем өшіп қалуы;

Электр желісінің өшіп қалуы; қалыптастыруға көмектесуі қажет. Мектеп қабырғасында мұғалімнің бақылауымен жетекшілік етуіне үйренген бакалавр студенттердің білім алу барысында өз жауапкершіліктерімен, білім алуға құштарлығымен, яғни өзіндік ізденіс жұмыстарына дағдылану қажеттігіне әлі де үйрену керектігі байқалады.

Оқытушы студенттер білімінің жүйелі болуы үшін әрқашан дәріс сабақтарына қатысу міндетін оларға түсіндіріп, негізгі білімнің іргетасын дәріс сабақтары арқылы алатындығын баса назарға алу керектігін түсіндіріп отырды.

Студент бакалаврдың дәріс (лекция) материалдарын игергенін бағалауды қамтамасыз ету мақсатында әр дәріс бойынша 4 тест дайындап тапсырады және әр лекция бойынша дайындаған тесттері баллдық жүйеде бағаланып отырды.

Қорытынды. Дәріс сабақтар-бұл сабақтың негізгі түрі, өйткені олар білім алушыларды даярлаудың негізі болып табылады. Пән бойынша жүйелендірілген негізгі білім беру, ғылым мен техниканың нақты саласындағы прогрестің проблематикасын, жай-күйі мен перспективасын ашу, неғұрлым күрделі және түйінді мәселелерге назар аудару. Дәрістер түсінікті, тиімді қызығушылықты тудыратындай болуы керек.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз-білім алушылардың мамандандырылған білім беру жүйесімен интерактивті өзара әрекеттесуі болатын білім берудің ерекше түрі. Бұл жағдайда материалдарды дербес зерттеу оқытушыныңаздаған қатысуымен немесе оқытушысыз жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқыту жалпы педагогикалық принциптерге де, ерекше принциптерге де негізделеді: интерактивтілік, ашықтық, икемділік, бейімделу, берілу, негізгі білім, сәйкестендіру, даралау, оқытудың реттілігі, педагогикалық орындылық. Қашықтықтан оқыту кезінде оқытуға жеке тұлғаға бағытталған тәсіл жүзеге асырылады, оқытудың максималды даралануы орын алады.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «Хронобиология», «Радиациялық биофизиканың негіздері», «Зерттеулердің физио-биофизикалық әдістері бойынша арнайы практикум» пәндері бойынша студенттердің дәріс сабақтарына кешікпей, белгіленген уақыт аралықтарында толық қатысу деңгейлерінің төмен екендігі анықталды. Зерттелген пәндер бойынша 15 апталық дәріске белгіленген уақытымен толық қатысуы - 50,4%, 63,4%, 63,9%, дәріске кешігіп кіруі - 20,1%, 20,4%, 20,0%, дәрістен себепсіз шығып кетуі - 13,0%, 10,0%, 9,3%, дәріске мүлдем қатыспауы - 16,5%;6,2%; 3,8% анықталды.

Сонымен, қашықтан оқыту бакалавриат студенттерге тиімсіздігі байқалады, өйткені бакалавриат студенттер жоғары оқу орнында алғаш рет өз бетімен, үлкен жауапкершілікпен өзіндік ізденіс жұмыстарына дағдыланады. Алғаш рет білім алу аясында, өз бетімен ізденіс жасауында ұстаздың жан-жақты көмегі қажеттігі байқалады.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Васильев В. Дистанционное обучение : деятельностный подход // Дистанционное и виртуальное обучение. – 2004. - № 2. – С. 6-7.
2. Бочков В.Е. Учебно-методический комплекс как основа и элемент обеспечения качества дистанционного образования // Качество. Инновации. Образование. – 2004. - № 1. – С. 53-54.
3. Полат Е.С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: учебное пособие / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина. – академия, - 2014
4. Абылайханова Н.Т. Биологияны оқытудың инновациялық әдістемелері. – Алматы: «Қазақ университеті», 2013. – 235-236 б.
5. Popescu E., Kinshuk E., Khribi M.K., Huang R., Jemni M., Chen N.S., Sampson D.G. Innovation in Smart Learning // Springer Verlag.-2017.-Vol.1. – P.180-189.
6. Абдуллаев С.Г. Оценка эффективности системы дистанционного обучения // Телекоммуникации и информатизация образования. – 2007. - № 3. – С. 85-92.
7. Лапинова А.В., Сундеева М.О., Татаренко М.А. Дистанционные технологии обучения как ресурс повышения качества образования // Международный студенческий научный вестник. – 2017. – № 6; 2 с.
8. Дистанционные образовательные технологии. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://helpiks.org/5-91099.html>
9. Лугин В.Г. Формы и методы Дистанционного обучения. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://repetitmaster.ru/forms-and-methods-remote-education.html>
10. Полат Е.С. Модели дистанционного обучения.[Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://hr-portal.ru/article/modeli-distancionnogo-obucheniya-polat-es>

FTAMP 14.35.07

Ә.А. Шитай¹, Х.Н. Жанбеков¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қ., Қазақстан

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Білім беру процесі білім беру ортасында жаңа схемалар мен тәсілдерді қолданбай өмір сүре алмай-тындардың қатарына жатады. Атап айтқанда, қашықтықтан оқыту жалпы білім берудің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Қашықтықтан оқыту жүйесі шалғай өңірлердің тыңдаушыларымен жұмыс істеу, өзін-өзі оқыту әдістемесінің икемділігі, оқу құралдарының қолжетімділігі үшін ыңғайлы. Бұл мақаланың мақсаты химия сабақтарында қашықтықтан оқыту құралдарын зерттеу болып табылады. Мақаланың нысаны - қашықтықтан оқыту технологиясы болып табылады.

Түйін сөздер: химия, қашықтықтан оқыту, технологиялар, бағдарламалар, сабақтар.

Шитай Ә.А.¹, Жанбеков Х.Н.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ СРЕДСТВ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ ПО ХИМИИ

Аннотация

Образовательный процесс относится к числу тех, кто не может существовать в образовательной среде без применения новых схем и подходов. В частности, дистанционное обучение является одним из важнейших аспектов общего образования. Система дистанционного обучения удобна для работы со слушателями из отдаленных регионов, гибкости методики самообучения, доступности учебных пособий. Целью данной статьи является изучение средств дистанционного обучения на уроках химии. Объектом статьи является технология дистанционного обучения.

Ключевые слова: химия, дистанционное обучение, технологии, программы, занятия.

A.Shitai¹, H.Zhanbekov¹

¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

APPLICATION OF DISTANCE LEARNING TOOLS IN CHEMISTRY

Abstract

The educational process is one of those who cannot exist in an educational environment without the use of new schemes and approaches. In particular, distance learning is one of the most important aspects of general education. The distance learning system is convenient for working with students from remote regions, the flexibility of self-learning methods, the availability of textbooks. The purpose of this article is to study the means of distance learning in chemistry lessons. The object of the article is the technology of distance learning.

Keywords: chemistry, distance learning, technologies, programs, classes.

Қашықтықтан оқыту қазіргі заманғы мағынада оқу материалын, оқу процесінде оқытушылармен интерактивті өзара әрекеттесуді және өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндігін беретін технологиялардың жиынтығы ретінде сырттай оқытудан дамыды. Қашықтықтан оқыту мен сырттай оқытудың басты айырмашылығы интернеттің әртүрлі мүмкіндіктерін пайдалану болып табылады. Осылайша, қашықтықтан химиялық білім беру құралдарына интернет-технологиялармен байланысты ерекшеліктер қосылады.

Химия көптеген оқушыларды, әсіресе оны зерттеуді жаңадан бастаушыларды, оларға формулаларды жаттау, түсінікті емес терминдердің оқыту көптігін қорқытады. Нәтижесінде оқушы химияны игеруге деген ынтасын жоғалтады, оның ең «жеңімпаз» бөлімдерін – нақты заттардың химиялық қасиеттерін, әдемі және жарқын реакцияларды, талғампаз синтездерді зерттеуге жете алмайды [1]. Алайда, ғылымды түрлі-түсті ерітінділерді түтіктерге құю немесе қызығушылық тудыру үшін қызықты фактілерді жинау арқылы оқыту да шығынды. Сондықтан, қашықтықтан химия курстарын құрудағы маңызды міндет – бір жағынан ұсынылған материалдың жоғары оқыту деңгейін қалыптастыру, екінші жағынан тартымдылықты көбейту. Бұл мәселені шешу үшін интернет-технологиялар оқушының қашықтықтан оқыту жолындағы әр қадамын жарқын суреттермен (сипаттамаларда және теңдеулерде ғана емес), сонымен қатар көптеген фотосуреттер мен бейнелерде де сүйемелдеуге мүмкіндік беретін керемет құрал болып табылады. Қазіргі уақытта қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалануға негізделген білім беру қызметтері нарығының белсенді өсуі байқалады. Химия бар ғылыми және педагогикалық әлеуетті сабақтас пәндер саласында инновациялық білім беру өнімдерін құрудың негізі ретінде қарастыруға болады. Осыған байланысты химия оқушыларды, мамандарды даярлау, қашықтықтан оқыту элементтерімен қосымша білім берудің жаңа бағдарламаларын құру және жаңа білім беру өнімдерін құру саласындағы ынтымақтастық үшін ашық.

Көптеген мұғалімдер бақылау тапсырмалары мен тестілерді аудиторияда / сыныпта тапсыруды талап етеді, қашықтан бақылауға сенуге мүмкін емес – деп санайды. Алдау мүмкіндігі шынымен де бар, бірақ бақылау нәтижелеріне сенімсіздік ойнатуды азайтатын тапсырмалар үшін негізделген. Сырттай және қашықтықтан оқыту курстарында есептеу тапсырмалары, ұсынылған фактілерді түсіндіруге арналған жаттығулар, логикалық қорытынды құру, бірнеше дұрыс шешім қабылдай алатын ашық жауаптары бар шығармашылық тапсырмалар тиімді қолданылады (көбінесе мұндай тапсырмаларға барлық мүмкін жауаптарды болжау мүмкін емес).

Қашықтықтан оқыту классикалық сырттай оқуға қарағанда оқытушылар мен оқушылардың өзара әрекеттесуіне едәуір көп мүмкіндік береді [2]. Сырттай оқитын мектеп үшін дәстүрлі хат алмасу әлдеқайда тиімді, өйткені поштаны жеткізуге уақыт жұмсалмайды. Сонымен қатар, топтың барлық оқушыларының тақырыптық форумдарда өзара әрекеттесу мүмкіндігі бар, онда оқытушы ең қиын тапсырмаларды талдай алады және тақырып бойынша проблемалық мәселелерді талқылауды бастайды. Ал бейнеконференция технологиясы онлайн-сабақтарды нақты уақыт режимінде өткізуге мүмкіндік береді. Бұл химияны үйренудің ыңғайлы тәсілі. Онлайн-дәрістер оқытушы іссапарда болған кезде оқушылардың оқу процесін үзбеге мүмкіндік береді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, мектеп оқушылары жағдайында тақырыпты өз бетінше зерттегеннен кейін өтетін онлайн-семинар дәріске қарағанда әлдеқайда тиімді.

Дәріс және практикалық сабақтардың әдістерін «Zoom» бейнеконференция форматында авторлық статикалық және кваз-интерактивті мультимедиялық ойындарды, демонстрациялық роликтерді қолдана отырып сипаттау қажет [3]. Ұйымдастырушылық мәселелерді шешу, кеңес беру және оқушылардың

қызметін түзету, олардың жеке білім беру траекториясын құру үшін біз «Bilimland»-да чат және форум курсының элементтерін және «WhatsApp» мессенджерін пайдалануды ұсынамыз.

Қашықтықтан оқыту кезеңінде Zoom бейнеконференция форматындағы сабақтар кезінде презентацияға жаңа материалды бекіту және оқушыларда қиындық тудырған немесе оларға түсініксіз болып көрінген мәселелерді қарау үшін бос (таза) слайдтар қосылды [4]. Мысалы, бұл органикалық қосылыстардың номенклатурасына, олардың құрылымдық формулаларын, теңдеулерін және химиялық реакциялардың механизмдерін жазуға байланысты тапсырмалар болуы мүмкін. Білім беру қызметінен басқа, қашықтықтан оқыту технологиялары вебинар режимінде ғылыми конференциялар өткізу кезінде сәтті қолданылады. Оқушылар үйде немесе мектепте бола отырып, баяндама жасай алады, конференцияның басқа қатысушыларының есептерін тыңдай алады, қызығушылық тудыратын сұрақтар қоя алады, зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесін ала алады және тіпті сырттай қатысумен салыстырғанда көп тәжірибе беретін қосымша зерттеулер үшін идея ала алады. Мұндай конференцияларды өткізу тәжірибесі өзін жақсы дәлелдеді, өйткені әр оқушы конференцияға қатысады.

Сабақтағы топтық жұмыс формалары оқушылардың сыни ойлау мен өзін-өзі бағалауды дамытуға ықпал етеді. Құжат пен экранды бөлісу дәрістерді презентациялармен сүйемелдеуге мүмкіндік береді, бұл зерттелетін материалды түсінуді жеңілдетеді, оқушылар сонымен қатар шешімдерді орындауға мүмкіндік береді, бұл орындалатын әрекеттердің дәйектілігін анықтауға және тыңдаушыларға ойлау барысын жеткізуге көмектеседі. Осылайша, заманауи электрондық технологиялар виртуалды қарым-қатынасты шындыққа жақындатуға, оқушы мен мұғалім арасындағы көрінбейтін қашықтықты азайтуға мүмкіндік береді, бұл бұрын электронды оқыту кезінде қол жетімді емес сабақтарда қолданылатын, мысалы, фронтальды сауалнама, диалог, әңгіме сияқты әдістерді қолдануға мүмкіндік береді.

Зертханалық-практикалық сабақтарды дәстүрлі форматта өткізу мүмкін болмады, сондықтан шартты зертханалық сабақтарда химия тақырыбы бойынша кейбір роликтерді көрсету, тәжірибелерді орындау әдістемесі, қауіпсіздік техникасы және орындалатын тәжірибелердің практикалық мәні бойынша мәселелерді талқылау, өткізу шарттары мен реакциялар белгілерін айту, теңдеулер жазу және кейбір реакциялар тетіктерін қарау, қорытындыларды тұжырымдау жүзеге асырылды. Әрине, мұндай қашықтықтан өткізілетін сабақтар ешқандай жағдайда зертханалық және практикалық сабақтарды толығымен алмастыра алмайды, онда оқушылар жеке және 2-3 адамнан тұратын топтарда нақты химиялық эксперимент (зертханалық және демонстрациялық тәжірибелер) жасайды, бақылайды, талқылайды, химиялық операцияларды орындайды, яғни біліммен қатар нақты тәжірибелік дағдыларды алады.

Егер қашықтықтан оқыту нәтижелері бойынша орта мектептің тиісті сыныбы үшін аттестаттау жүргізілсе, басқа жағдай туындайды. Бұл жағдайда ауызша сынақтар жүргізу қажет. «Bilimal», «Bilimland»-де онлайн-тестілеу бағалары, мұғалім тексерген жазбаша жұмыстар, онлайн-сабақтардағы жұмыстар және онлайн-конференция режиміндегі ауызша әңгімелесу негізінде жарты жылдық аттестаттау жүйесі әзірленді [5]. Химияны оқыту барысында «Bilimland» жүйесі элементтерінің келесі жиынтығын пайдалану жоспарлануда:

- дәріс - оқу бағдарламаларына сәйкес пәндердің негізгі бөлімдері бойынша теориялық материалдан тұрады;

- глоссарий – оның көмегімен оқытылатын пәндер бағдарламаларына енгізілген химиялық терминдер мен ұғымдардың негізгі сөздігі жасалады;

- анықтамалық материалдар – бұл элементке оқытылатын пәндер бойынша практикалық және зертханалық сабақтарға ойдағыдай дайындалу үшін қажетті барлық анықтамалық материалдар: негізгі тұрақтылар мен физика-химиялық шамалардың бірліктері, заттардың атомдық және молекулалық қасиеттері, заттардың термодинамикалық және физика-химиялық сипаттамалары, аса маңызды қышқылдардың кестелері, олардың атаулары, тұздардың атаулары, аса маңызды минералдардың кестелері, кең таралған химиялық қосылыстардың тривиалды атаулары енгізілетін болады;

- сауалнамалар – орта мектеп курсында химия пәнінен оқушылардың білім деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше зерттеу әдістерін ұсынады және оқу технологиясын таңдауда бастапқы кезеңінде жеке тапсырмаларды әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін;

- тапсырмалар – бұл бөлімде оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуі үшін теориялық сұрақтар мен есеп айырысу тапсырмаларының тізімі бар бақылау тапсырмалары болады, олардың жауаптарын оқушылар электронды түрде дайындап, серверге жүктеп, баға алуы керек. Осы бөлімдегі тапсырмалардың нәтижелерін талдау оқушыларға өз білімдерін өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруға ғана емес, сонымен қатар оқытушымен тиімді басқарылатын тәуелсіз жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

- сауалнама - зерттелетін химияның әр бөлімі бойынша оқушылардың білімін ағымдағы және аралық бақылауға арналған бақылау тапсырмаларын қамтиды. Осы бөлімнің материалдары практикалық және зертханалық сабақтарға дайындық деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін жылдам жеке сауалнама ретінде де, пәннің зерттелген бөлімі бойынша білімді бақылау үшін де пайдалы болуы мүмкін. Тапсырма белгіленген минималды бағалау үшін орындалуы керек. Егер сәтсіздікке ұшыраса, оқушы теориялық материалды қосымша оқып, жіберілген қателіктерге талдау жасап, тапсырманы қайта орындауға шақырылады;

- түсіндірме – бұл элемент мәтін мен графиканы курстың басты бетіне қоюға мүмкіндік береді;

- тесттер – оқытушыға жеке тақырыптар бойынша да, бүкіл курс бойынша да тест сұрақтарының жиынтығын жасауға мүмкіндік береді. Барлық сұрақтар деректер базасында сақталады, өңделуі және толықтырылуы мүмкін. Тестілерді әзірлеу кезінде әр түрлі сұрақтарды қолдануға болады: жабық түрде (бірнеше таңдау); «иә / жоқ» жауап нұсқаларымен; қысқа жауап; сандық; сәйкестік; кездейсоқ сұрақ; кірістірілген жауап және т.б. Бұл ағымдағы және қорытынды білімді бақылау кезінде оқушылардың білімін объективті бағалауды қамтамасыз ететін оқу-түзету тестілерінің көптеген нұсқаларын жасауға мүмкіндік береді.

Мұндай бағалау оқушының жетістіктерін қарапайым «күндізгі» мектептегі бағалаудан кем емес көрсетеді. Химиялық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі практикум болып табылады - бұл заттармен нақты жұмыс. Сондықтан химияны қашықтықтан оқыту химиялық білім берудің жалғыз түрі ретінде толық бола алмайды, өйткені мұғалімнің тікелей басшылығымен және тиісті материалдық базасыз тиісті семинар мүмкін емес. Қашықтықтан оқытудың бұл жетіспеушілігін кем дегенде ішінара өтеу үшін курстарға эксперимент жазбалары бар бейнелер енгізіледі немесе «виртуалды эксперимент» деп аталатын құралдар қолданылады. Сондықтан біз химияны қашықтықтан оқыту міндетті түрде дәстүрлі түрде біріктірілуі керек деп санаймыз.

Мұғалімдер оқушыларды фактілерді есте сақтау мен оқудан тыс жоғары деңгейлі ойлауды дамытуға ынталандыру үшін технологияларды қолдана алады. Сыни тұрғыдан ойлау, жоғары деңгейлі ойлаудың мысалы ретінде, фактілерді көркем әдебиеттен ажырата білу, ақпаратты синтездеу және бағалау қабілеттерін қамтуы мүмкін. Бұл дағдыларды әр түрлі онлайн-әрекеттер арқылы дамытуға болады, олардың үшеуі төменде сипатталған.

Интернеттегі квест – бұл командалар немесе жеке ойыншылар белгілі бір заттарды табуға, қандай-да бір тұжырымға келуге немесе мұғалім жасаған тізімнен жұмбақтарды шешуге тырысатын қызықты әрекет. Оқушылар кеңестерге құлақ асады және интернеттен қажетті құжатқа немесе нысанға қатысты ақпарат іздейді. Квесттер белгілі бір оқу мақсаттарына және зерттелетін тақырып шеңберіндегі қызмет көрсеткіштеріне негізделуі мүмкін. Әр мақсат белгілі бір "объектіге" сәйкес келуі керек. Осы қызмет түріне Нұсқаулық жазу кезінде мұғалім сайттар, бейнелер және электронды кітаптарды қоса алғанда, тапсырмалар мен ресурстардың күрделілік деңгейін анықтайды. Мұндай іс-әрекеттің мақсаты-тапсырманы орындау үшін электронды ресурстардан ақпаратты жылдам оқу және іздеу дағдыларын пайдалану. Мұғалім тапсырманы орындау кезінде студенттерді басқаратын карта жасайды. Оқушыларға іздеу үшін нақты сілтемелер беру қолда бар ресурстардағы ақпаратты жылдам іздеуге оқытуды құрылымдауға мүмкіндік береді. Аяқталған квест-бұл бағаланатын студенттердің іс-әрекетінің түпкі нәтижесі. Сабақтың бұл түрі барлық оқушыларға жарамды.

Электрондық ресурстарды салыстыру. Оқушылар графикалық ұйымдастырушыларды үш түрлі ресурстарды салыстыру үшін пайдаланады, мысалы, сайт, электронды оқулық және сол тақырыптағы YouTube бейнелері. Қызметтің бағаланатын нәтижесі – бұл аяқталған графикалық ұйымдастырушы, онда білім алушылар өз тұжырымдарын ұсынады. Оқытудың қосымша мүмкіндігі ретінде оқушылар жиналған ақпаратты проблема бойынша өз пікірлерін білдіретін есеп, эссе немесе реферат жазу үшін қолдана алады. Бұл қызмет түрі орта және жоғары сынып оқушылары үшін қолайлы. Графикалық ұйымдастырушы келесі ақпаратты қамтуы мүмкін.

1-баған: ресурс форматы (бейне, сайт, электронды кітап, оқулық және т.б.).

2-баған: мақсатты аудитория (балалар, ересектер, студенттер және т.б.)

3-баған: білімнің негізгі көздері / білім алушының негізгі сәттері (оқу мақсаттары негізінде).

4-баған: (материалдың ерекшелігіне байланысты кез-келген түрдегі бағанды қосуға болады).

Мұғалім белгілі бір материалға арналған тақырыптар тізімін жасай алады. Содан кейін студенттер әр түрлі электрондық ресурстардың ол туралы ақпаратты қалай ұсынатындығын салыстыру үшін бір

тақырыпты таңдай алады. Оқушыларға салыстыру үшін үшеуін таңдайтын гиперсілтемелері бар электрондық ресурстардың тізімі берілуі мүмкін (видео, сайт, электрондық кітап және т. б.).

Сандық құралдарды қолдана отырып ақпаратты ұсыну. Оқушылар мұғалім жасаған тізімнен тақырыпты таңдайды және PowerPoint, видео және сандық шығармашылықтың басқа түрлерін қолдана отырып, тақырып бойынша ақпараттар мен тұжырымдардың презентациясын жасайды. Бұл қызмет түрі орта мектеп оқушылары үшін қолайлы. Мұғалім оқушыларға сандық ресурстар мен тақырыптар тізімін ұсына алады. Презентацияларды бағалау үшін критерийлер жүйесін жасау, сонымен қатар оны білім алушыларға жобаны орындау талаптарын түсіндіру үшін пайдалану пайдалы. Негізгі критерийлерге ақпаратты ұйымдастыру, мазмұны, графикалық ұсыну, фон, емле/грамматиканың дұрыстығы кіруі мүмкін.

Көптеген контексте құрылымдалған онлайн курстар мұғалімдердің оқу мақсаттары мен мазмұнын икемді түрде түзетудегі, оқыту реттілігін бейімдеудегі және оқыту әдістерін біріктірудегі қажеттіліктерін толығымен қанағаттандырмайды. Интернетке және сандық құрылғыларға тұрақты қол жетімділігі бар көптеген оқытушылар икемді оқуды насихаттау және оқиғалардың белгіленген реттілігіне байланысты болмас үшін өздерінің онлайн сабақтарын өткізуді жөн көреді. Интернеттегі сабақтар бейнеконференция қосымшаларын, әсіресе Microsoft Teams, Zoom, Lark және Google Meet сияқты тегін нұсқалары бар бағдарламаларды қолдана отырып өткізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Загорский В.В., Давыдова Н.А., Миняйлов В.В., Петрова Е.П. Информационно-коммуникационные технологии в преподавании химии (кафедра общей химии химического факультета // Современные тенденции развития химического образования: интеграционные процессы. – М., Изд-во МГУ, 2008. – 84 с.*
- 2. Алтысбаева А.Ә. Химияны оқыту әдістері. – Алматы: Әлем, 2012. – 16 б.*
- 3. Есенберлин С.А. Қашықтықтан оқыту технологиясы. – Алматы: Талап, 2016. – 209 б.*
- 4. Белозубов А.В., Николаев Д.Г. Система дистанционного обучения. – СПб.: СПбГУ ИТМО, 2007. – 108 с.*
- 5. Бекназарова А.Б., Мейрова Г. Методологические вопросы создания дистанционного курса органической химии для педагогических вузов // Современные проблемы науки и образования. – 2018. – № 4. – С. 49-55.*

**ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
НАУКИ О ЗЕМЛЕ
SCIENCES ABOUT EARTH**

ӘОЖ 314:00
FTAMP 05.11.65

А.У. Абулгазиев¹, Қ.М. Омаров¹, Н.Ф. Баканов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ 49 ЕНДІГІ БОЙЫМЕН ЭКСПЕДИЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ
ЖОБАСЫ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДЕГІ РӨЛІ**

Аңдатпа

Экспедициядағы маршруттар бойынша туристік объектілерге, ландшафт түрлеріне, топырақ жамылғысына, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне сипаттама беру. Ұсынылып отырған жоба география бойынша далалық зерттеулердің жаңа әдістерін жүргізу мен ұсынуды көздейді. Жаңа технологиялардың тиімді формалары айқындалады. Туризмді ілгерілету мақсатында келіп түскен фото және бейнематериалдар өңделіп, көпшіліктің назарына ұсынылатын болады. Алынған ғылыми қорытындылар Қазақстанның физикалық географиясын, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясын, ландшафттануды оқытуда және жеке туризм курстарында қолданылады. Далалық зерттеу әдістерін «Далалық зерттеу әдістері» курсына қолдануға болады.

Түйін сөздер: география, географиялық зерттеу, туризм, киелі жерлер, ландшафт, экспедиция, физикалық география, шөл зонасы, 49 ендік, зерттеу жобасы.

Абулгазиев А.У.¹, Омаров К.М.¹, Баканов Н.Г.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

**ПРОЕКТ ОРГАНИЗАЦИИ ЭКСПЕДИЦИИ ПО 49 ШИРОТЕ КАЗАХСТАНА И ЕГО РОЛЬ
В ГЕОГРАФИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ**

Аннотация

Дать описание туристским объектам, видам ландшафтов, почвенному покрову, растительному и животному миру по проиленным маршрутам. Предложенный проект подразумевает проведение и предложение новых методов полевых исследований в географии. Будут определены эффективные формы новых технологии. В целях пропаганды туризма полученные фото и видеоматериалы будут обработаны и представлены широкому кругу для ознакомления. Полученные научные выводы будут использованы при преподавании физической географии Казахстана, экономической и социальной географии Казахстана, ландшафтоведении и в отдельных курсах туризма. Полевые методы исследования могут быть использованы в курсе «Полевые методы исследования».

Ключевые слова: география, географическое исследование, туризм, сакральные места, ландшафт, экспедиция, физическая география, пустынная зона, 49 широта, проект.

A.Abulgazyev¹, K.Omarov¹, N.Bakanov¹
¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

THE PROJECT OF ORGANIZING AN EXPEDITION TO THE 49TH LATITUDE OF KAZAKHSTAN AND ITS ROLE IN GEOGRAPHICAL RESEARCH

Abstract

To give the description to tourist objects, types of landscapes, a soil cover, a plant and animal life along the passable routes. The offered project means carrying out and the offer of new methods of field researches in geography. Effective forms new technologies will be defined. For tourism promotion half-scientific photos and video records will be processed and presented to a wide range for acquaintance. The received scientific conclusions will be used when teaching physical geography of Kazakhstan, economic and social geography of Kazakhstan, a landshaft and in separate courses of tourism. Field methods of a research can be used it is aware «Field methods of a research».

Keywords: geography, geographical exploration, tourism, sacral places, landscape, expedition, physiography, desert zone, 49 latitude, project.

Қазіргі цифрлі заманауи кезеңде, Қазақстанның туристік әлуетін арттыруға байланысты көптеген жобалар іске асырылуда. Жалпы алғанда туристердің дені жағажайлық туризмді таңдайтыны статистикалық деректердің нәтижелері арқылы байқауға болады. Олардың көбісі жағажайлық инфрақұрылымы дамыған Түркия, Кипр, Мальдив және Сейшель аралдары, Қытайдың Хайнань аралы, Тайланд және басқада осындай жерлерге барудың маршруты жақсы жолға қойылған. Алайда соңғы кездері әлеуметтік жағдайы мүмкіндік беретін Еуропа елдерінің туристері, бұрындары үлкен сұранысқа ие болмаған басқа жерлерге, әсіресе табиғаты және халқының тұрмыс тіршілігі еуропалықтарға ұқсамайтын жаңа жерлерге баруға деген қызығушылығы артуда. Оған дәлел интернет парақшаларындағы туристердің жазбаларынан байқауға болады. Туризм саласындағы осындай өзгерістің басталуына байланысты қазақ еліде шетте қалмай ұлан байтақ жеріміздің керемет жерлерінің бар екендігін дүниежүзілік қауымдастыққа паш етуіміз, біз үшін үлкен насихат болып табылады.

Әсіресе, экстремальды туризмге деген сұраныс артып келеді. Осы мәселеге байланысты, Қазақ туризмін дамытуда өзіндік үлес қосуға арналған бірнеше жобаларды Республикалық деңгейдегі ғылыми жобаларға ұсынған болатынбыз. Соның бірі еліміздің батыстан шығысқа 3025 шақырымға созылып жатқан ұлы дала елінің табиғи тарихи орындарына арнайы экспедиция ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Экспедицияның 49 ендік арқылы өтуінің өзіндік сыры бар. Бұл ендік еліміздегі ең ұзын ендік және орталығымен өтеді. Батысымыздағы 46 меридианнан бастап шығыстағы 87 меридианға дейінгі аралықты қамтиды. Жалпы ұзындығы 41 градус немесе 3000 шақырым. Экспедиция екі жылға арналған жылына 1500 шақырымды жүріп өту көзделіп отыр [1].

Экспедиция іске асқан жағдайда әртүрлі телеарналар арқылы жарнамалап туған жеріміздің ерекше табиғатымен дүйім жұртты таныстыру және Қазақ елінің туризм саласының дамуына өзіндік іс таңбамызды қалдыру. Бұндай экспедиция елімізде бұрын соңды болған емес. Экспедицияның мақсат міндетімен қысқаша таныстырып өтсем.

Экспедицияның негізгі идеясы, қатаң табиғат жағдайында, жаяу жүру арқылы Қазақстанның 49 ендігі бойының физикалық географиялық жағдайын бағалау. Жобада Қазақстанның бірегей табиғат жағдайымен мәдениеті дәріптеліп, тұрғындырға таныстырылады және жаңа туристік маршруттарды ашуға септігін тигізеді.

Экспедицияның мақсаты: Қазақстанның батыстан шығысқа созылған ең ұзақ 49 ендік бойының табиғат жағдайына сипаттама беру. Экспедицияның ерекшелігі арақашықтығы 3000 шақырымға созылған ендіктің табиғат жағдайын жаяу жүре отырып зерттеу жүргізу. Зерттеу жұмыстары арнайы аспаптар және құрал жабдықтар арқылы жүргізіліп картаға түсірілу көзделіліп отыр Негізгі зерттеу нысаны ландшафттардың өзгерісін анықтау, ландшафтарының топырақ жамылғысына, флора және фаунасына сипаттама беру. Экспедиция барысын видеоға түсіру және фотосуреттермен көркемдеп отыру. Видео материалдарды өндеп ғылыми – танымдық мақсаттағы құжатты фильм жасау. Экспедиция тек қана геоэкологиялық зерттеулермен шектелмей, туристік маршруттың картасы құрастырылады. Жинақталған материалдар өңделіп, оқулық және монографияның жазылуына арқау болады және шетелдік туристердің елімізге деген қызығушылығын арттырады.

Экспедицияның міндеттері: Экспедиция жұмысы қатаң табиғат жағдайында Қазақстанның ең ұзын 49 ендігі арқылы жаяу жүріп физикалық географиялық зерттеу жұмысын жүргізу. Экспедицияның ұзақтығы екі жылға созылады (яғни екі кезеңге бөлінеді, әр кезеңнің ұзақтығы 4-4,5 ай шамасында. Экспедиция барысында геоботаникалық, зоологиялық, гидрологиялық, өлкетанулық зерттеулермен қатар, жаңа туристік маршруттар анықталып ұсынылады. Сонымен бірге ландшафтарының түрлері, өсімдік және жануарлар дүниесі, ерекше табиғаты көркем жерлері және киелі орындары видеоға және фотоға түсіріледі. Табиғаты көркем және сакральды тарихи жерлерге туристік маршруттарды анықтап дайындау. Экстремальды туризмге жарамды деген жерлердің маршрутын жобалап анықтау. Нәтижесінде адам ағзасының экстремальды табиғат жағдайында ұзақ жорыққа бейімделуі деңгейі анықталынады. Экспедиция барысында жинақталған материалдарды өңдеп жарыққа шығару.

Жинақталған материалдар физикалық географиялық, гео – ботаникалық, гео – биологиялық және туристік деген 4 бөлімге бөлінеді. Жүріп өткен жолдың арнайы маршруттық картасы түсіріледі және видеоматериалының толық нұсқасын өңдеп, құжатты фильм шығару және оны теледидар арқылы халыққа таныстырып, туған еліне деген патриоттық сезімін ояту. Мүмкін болса «National Geographic», «Discovery channel», «Travel+adventure», «Моя планета» теле арналары арқылы қазақ елінің тамаша дархан даласын туризм мақсатында шетелдік мемлекеттерге насихаттау және таныстыру мүмкіншілігіне ие болу. Жинақталған деректерді география және туризм мамандығында оқитын студенттерге әдістемелік құрал ретінде пайдалануға болады. Экспедиция төменде берілген географиялық нысандар арқылы өту жоспарланып отыр. Батыс Қазақстан облысы - 439 шақырым, Атырау облысы - 116 шақырым, Ақтөбе облысы - 641 шақырым, Қостанай облысы - 275 шақырым, Қарағанды облысы - 789 шақырым, Шығыс Қазақстан облысы - 745 шақырым болып, барлығы 3005 шақырымды құрайды. Батыс Қазақстан облысының аумағына қамтылатын Бөкейорда ауданының орталығы Сайхин ауылынан ғылыми экспедиция басталады. Бұл облыс аумағынан алғашқы зерттелетін географиялық аймақ Каспий маңы ойпатында орналасқан Нарын құмдарының жал аралық, сор-сортанды бөлігі және Қара өзен, Сары өзен, Күшім өзендерінің құяр жерлері арқылы өтеді. Маршрут шығысқа қарай Қазақстанның ірі өзендерінің бірі Жайық өзенінің жағасындағы Тайпак (ескі атауы Калмыков) елді мекені тұсынан өтеді [1,2].

Ақтөбе облысының аумағында Жем үстірті, Мұғалжар тауы және Торғай ойысы арқылы жалғасып осы географиялық нысандарға физикалық географиялық сипаттама беріледі. Қостанай облысында Торғай ойысын, Ұлықөл, Ақкөл және Улыжыланшық өзендерін қамтиды. Қарағанды облысының аумағында Ұлытау, Сары өзен, Бұғылы тауы, Қызыл тас тауы, Кент жотасы арқылы өтеді. Шығыс Қазақстан облысының жеріндегі зерттелетін нысандарға Доғалан тауы, Ханшыңғыс тауы, Ащысу, Үлкен ащы су, Жарма өзені, Шар өзені, Қалба жотасы, Бұқтырма су қоймасы, Нарын жотасы, Сарымсақты жотасы, Оңтүстік Алтай жоталары жатады. Аталған географиялық нысандардың барлығына физикалық географиялық сипаттама беріледі, туристік маршруттар анықталынады. Осы маршрут бойындағы барлық сакральды нысандардың географиялық орны картада белгіленеді және ол нысандар туралы ресми деректердің жазбалары жергілікті тұрғындардың берген мәліметтері өңделіп қысқаша мағлұмат беріледі [3,4]. Экспедицияның жүріп өтетін жолын 1-суреттен көруге болады. (1-сурет)



Сурет 1 – Экспедицияның жүріп өтетін жолының физикалық географиялық картадағы схемасы

Экспедицияны ұйымдастыруға түрткі болған жағдайлар. Ұзақ жылдар бойы қазақ жеріне бұндай ауқымды және экстремальды экспедицияның ұйымдастырылмауы. Көптеген экспедициялар сонау 19 ғасыр мен 20 ғасырдың басында болған. Сонымен бірге шетелдерде осындай экспедицияның ұйымдас-тырып атақты телеарналар арқылы көрсетілуі. Атап айтқанда: 1977 жылы әйел саяхатшы Робин Дэвидсон түйемен Аустралия құрлығының 27⁰-оңтүстік шарты шар ендігімен 1700 миль жүріп сол елдің география ғылымына көптеген жаңалықтар әкелді. 2010 жылы Ұлыбританиялық саяхатшы Эд Стаффорд Оңтүстік Америка құрлығының оңтүстік жарты шардың 02⁰ және 05⁰ ендіктердің аралығында орналасқан Амазонка өзенінің бастауынан құяр жеріне дейін, 860 күн ішінде 12000 шақырымдай жүріп өтіп, география саласына өзен туралы көптеген жаңалықтарды бейне таспаға түсіріп, әлемге паш етті. 2012 жылы ағылшын саяхатшысы Вуд Левисон Африка құрлығының 31⁰-35⁰ шығыс бойлығы аралығында орналасқан Ніл өзенін, екі жыл уақытында 6500 шақырымды жүріп өтіп, маршрут бойын бейне таспаға түсірді, экспедиция барысы құжатты және танымдық фильм ретінде қолданысқа еніп әлемдік телеарна-лардан көрсетілді [6]. Біздің таңдау жасаған 49⁰ ендік маршрутымыз бойынша зерттеулер жүргізілген деген деректер жоқ, кейбір нысандардың географиялық сипаттамасы жоқ болуы мүмкін. Жобамыз осы тұрғыдан әлемдік саяхат жобаларын бәсекелестік туғыза алады деп есептейміз.

Жобадағы зерттеулерінің қорытындысы:

1. Қазақстанның табиғатын зерттеудің жаңа әдістері пайда болады.
2. Зерттеу барысында жаңа тың материалдар енгізіледі.
3. Табиғаттың соңғы кездердегі өзгерісін айқындайтын ландшафт карта жасалынады.
4. Картаға түсірілген деректерге сүйене отырып осы кезге дейін зерттелген ландшафттарға салыстырмалы сипаттама беріледі.
5. Зертеу материалдары жоғары оқу орындарындағы «География» мамандығының студенттеріне әдістемелік оқу құралы ретінде қолданысқа енеді.
6. Фото және видеоматериалдар бірегей демонстрациялық көрнекі құрал ретінде пайдаланылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абулгазиев А.У., Қалдыбаева Ж.Б. Қазақстанның физикалық географиясы. Оқу әдістемелік құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы. 2014 ж. – 235 б.
2. Физическая география Республики Казахстан /под. ред. К.М. Джаналиевой. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 256 с.
3. Молдағұлов Н.М. Ландшафттану негіздері және Қазақстанның ландшафтысы. – Алматы: Мектеп, 1990. – 115-122 б.
4. Филоненко П.П. Очерки по географии внутренних вод Центрального, Южного, Восточного Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 75-94 с.
5. Қазақстан республикасының ұлттық атласы. Том. Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Алматы 2010 ж.
6. www.bbc.com

ӘОЖ 373.1.013:37.033/035
FTAMP39.01.07

С.Е. Дүкенбаева¹, Ш.Ш. Карбаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚИТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МОДЕЛІ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда табиғатты қорғау іс-әрекеті қоршаған ортаны қорғаудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Табиғатты қорғау іс-әрекеті ұғымы «адам-қоғам-табиғат» жүйесінің тиісті өзара әрекеттесуін білдіреді және табиғатты пайдалану, табиғатты қорғау, табиғатты қалпына келтіру және адам мен табиғат арасындағы өзара әрекеттесудің басқа да нақты формалары мен бағыттарында жүзеге асырылады. Осыған байланысты мектеп географиясындағы қоршаған ортаны қорғауға арналған білім мазмұны (табиғат пен адам, табиғат пен қоғамның өзара әрекеті, адам қызметінің әсерінен табиғаттың өзгеруі, табиғатты ұтымды пайдалану, халық, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және қоршаған орта және т.б.) 7-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі сабақтастықты сақтай отырып, географиялық білім беру мазмұнының өнбойынан өтетіндей сипатқа ие болуы керек.

Табиғатты қорғау құзыреттілігі табиғатқа қамқорлықтың өсуімен, су көздерінің тазалығымен, топырақ қабатын сақтаумен, қоршаған ортаға зиян келтіретін әрекеттердің жолын кесумен тығыз байланысты. Табиғатқа қатысты жаңа ойлауды қалыптастыру жағдайды объективті бағалауға және қоршаған ортаны оңтайландыруға, оны қорғауға және табиғи ресурстарды қайта жандандыруға ие. Табиғатқа қатысты жаңа ойлауды қалыптастыруда жаратылыстану, оның ішінде географиялық және экологиялық сауаттылықты көрсететін «География» пәнін зерделеу үлкен маңызға ие.

Мақалада табиғатты қорғау құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қоршаған ортаны қорғауды география пәнінде зерделеудің желілік мазмұны ұсынылады. Табиғатты қорғау құзыреттілігін қалыптастырудағы даярланған әдістемелік моделі оқушылардың табиғатты қорғау оқу іс-әрекетіндегі практикалық ойлауын дамытады.

Түйін сөздер: географиялық білім беру, оқу іс-әрекеті, табиғат қорғау іс-әрекеті, қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму, табиғатты қорғау құзыреттілігі, практикалық ойлау, әдістемелік модель.

С.Е. Дүкенбаева¹, Ш.Ш. Карбаева¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

МЕТОДИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ ПРИРОДООХРАННЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧАЩИХСЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ГЕОГРАФИИ

Аннотация

Сегодня природоохранная деятельность одна из приоритетных направлений по охране окружающей среды. Понятие природоохранная деятельность выражает целесообразное взаимодействие системы «человек-общество-природа» и реализуется при природопользовании, природосохранении, природовосстановлении и других специфических формах и направлениях взаимодействия человека и природы. Связи с этим, содержание образования по охране окружающей среды (природы и человек, взаимодействие природы и общества, изменение природы под воздействием деятельности человека рациональное природопользование, население, промышленность, сельское хозяйство, транспорт и окружающая среда и др.) в школьной географии должна иметь сквозной характер, сохраняя преемственности от 7 класса по 11 класс.

Природоохранные компетенции неразрывно связано с ростом заботы о природе, чистоте водных источников, сохранении почвенного слоя, пресечении действий, наносящих ущерб окружающей среде. Формирование нового мышления в отношении к природе имеет объективную оценку состояния и оптимизацию окружающей природной среды, ее охрану и воспроизводство природных ресурсов. Большое значение в формировании нового мышления в отношении к природе имеет изучение предмет

«География», который отражает естественнонаучную, в том числе географическую и экологическую грамотность.

В статье рассмотрена проблема формирования природоохранной компетентности. Предложены сквозные содержательные линии по изучению охраны окружающей среды в географии. Разработанная методическая модель формирования природоохранных компетенций развивает у учащихся практического мышления в области природоохранной деятельности.

Ключевые слова: географическое образование, учебная деятельность, природоохранная деятельность, охрана окружающей среды, устойчивое развитие, природоохранные компетенции, практическое мышление, методическая модель.

S. Dukenbayeva¹, Sh. Karbayeva¹
¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

METHODOLOGICAL MODEL OF FORMATION OF ENVIRONMENTAL COMPETENCIES OF STUDENTS IN THE STUDY OF GEOGRAPHY

Abstract

Today, environmental protection is one of the priority areas for environmental protection. The concept of environmental protection activity expresses the expedient interaction of the "man-society-nature" system and is implemented in the use of nature, nature conservation, nature restoration and other specific forms and directions of interaction between man and nature. In this regard, the content of environmental education (nature and man, the interaction of nature and society, the change of nature under the influence of human activity, rational use of natural resources, population, industry, agriculture, transport and the environment, etc.) in school geography should have a cross-cutting character, maintaining continuity from grade 7 to grade 11.

Environmental competencies are inextricably linked with the growing concern for nature, the purity of water sources, the preservation of the soil layer, and the suppression of actions that damage the environment. Of great importance in the formation of new thinking in relation to nature is the study of the subject "Geography", which reflects natural science, including geographical and environmental literacy.

The article considers the problem of formation of environmental competence. The end-to-end content lines for the study of environmental protection in geography are proposed. The developed methodological model for the formation of environmental competencies develops practical thinking in the field of environmental activities among students.

Keywords: geographical education, educational activities, environmental protection, sustainable development, environmental competencies, practical thinking, methodological model.

Кіріспе. «Адам-қоғам-табиғат» жүйесінің өзара әрекеттесуінің негізін табиғатты қорғау іс-әрекеті құрайды. Табиғатты қорғау іс-әрекеті адамзат қоғамының өміріне қолайлы табиғи орта құру мақсатында табиғи жүйенің заңдылықты дамуын ескере отырып жүзеге асырылады.

Қазақстандық білім беру жүйесін модернизациялау оқушылардың білім сапасын, оның ішінде табиғатты қорғауға қатысты географиялық білім беру сапасын арттыруды көздейді. Өркениеттің динамикалық тұрғыда дамуы, қоғамның табиғи ресурстарға деген сұранысының артуы мектептен бастап оқушылардың табиғат қорғау іс-әрекетіне жаңа көзқарас тұрғысынан қарауды талап етуде. Өйткені, табиғи ресурстарды шексіз пайдалану қоршаған ортаға кері әсер етіп, табиғат дағдарысына әкелуде және «адам-қоғам-табиғат» жүйесінде үлкен қарама-қайшылықтар тудыруда. Қоршаған ортаны қорғаудың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін климаттың өзгеруіне бейімделу мәселелері өзекті болып табылады, өйткені климаттың өзгеруі азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздіктің әлсіреуіне әкеледі және халықты су ресурстарымен қамтамасыз ету мәселесінде біршама қиындықтар туындатады. [1] Сондықтан тұлғаға табиғат қорғауға қатысты білім мен тәрбие беруде адамның шаруашылық іс-әрекетінің кері себеп-салдарын сауатты түсіндіру, географиялық білім, білік, дағдыларын қандай да бір өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдануға үйрету қазіргі білім берудің басты мақсат-міндеттеріне айналуға.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу әдістері: оқушылардың табиғатты қорғау құзыреттілігін қалыптастыруды зерттеу мәселесі бойынша, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау, педагогикалық моделдеу, диагностикалау және зерттеу деректерін статистикалық және математикалық өңдеу әдістері.

Табиғат қорғаудың ғылыми әдісінің алғашқы элементі қоршаған ортаны қорғау теорияларынан (Л.С. Берг, А.Г. Герасимов, Ю.Одум, Н.Ф. Реймерс, т.б.) туындайды. Сонымен қатар іс-әрекеттік қабілеттер тұлғаның қоршаған ортаны қорғау туралы білімді қаншалықты меңгергені мен оны практикада жүзеге асыру дағдыларына (Н.М. Мамедов, Н.А. Пустовит, О.Л. Пруцакова, т.б.) негізделген. Табиғат қорғауға қатысты теориялық талдаулар мен зерттеу мәселелеріне қатысты қорытындылар эмпирикалық әдістерге (педагогикалық бақылау, сауалнама, т.б.) сүйенеді.

Оқушылардың табиғатты қорғау құзіреттілігін қалыптастыру сапалы географиялық білім берудегі қажетті шарттардың бірі болып табылады. Мектепте оқушылардың табиғатты қорғау құзіреттіліктері алдымен жаратылыс-ғылыми пәндерді (биология, химия, физика және география) зерделеу нәтижесінде қалыптасады.

Географиялық білім беруде табиғатты қорғау мәселелеріне қатысты білім мазмұны оқу пәнінің мазмұнын құрайтын бөлімдердің өнбойынан өтуін қамтамасыз етуі тиіс. Осыған орай, жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына (23.11.2016 ж., ҚР БҒМ №668 бұйрығы) талдау жасалды [2]. Үлгілік оқу бағдарламасында «География» оқу пәнінің мақсат-міндеттерінде қоғамдық өндірістің, табиғат қорғаудың және табиғатты тиімді пайдаланудың жаратылыс-ғылыми, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу келтірілген. Дегенмен, оқыту мақсаттары жүйесінде берілген оқу пәні мазмұнының 6 (алты) бөлімінің мазмұны бойынша күтілетін нәтижелерге жасалған талдауда табиғатты қорғауға қатысты мәселелердің оқу мазмұнының өнбойынан өтуі байқалмайды, тек әр бөлімде үзік-үзік берілгені анықталды. Сондықтан біз зерттеудің мақсат-міндеттерін жүзеге асыру тұрғысынан, алдымен, табиғатты қорғау, табиғатты пайдалану, табиғатты қалпына келтіру және адам мен табиғат арасындағы өзара әрекеттесуін, әр сыныптың оқу мазмұнында келесідей реттілікпен қарастыру ұсынылады (1-кесте).

Кесте 1 – Табиғатты қорғау білім мазмұны


Сынып	Табиғатты қорғау білім мазмұны
7	Табиғат және қоғамның өзара әрекеттесуі. Табиғат жағдайларының адам өміріндегі маңызы. Адамның іс-әрекеті нәтижесінде табиғаттағы өзгерістер.
8	Адам және табиғат. Табиғатты тиімді пайдалану. Әлемдік және аймақтық табиғат қорғау мәселелері. Экологиялық жағдаят.
9	Адам және табиғат. Табиғи жағдайлардың тікелей және жанама әсері. Қазақстан және оның аймақтарындағы табиғат қорғау мәселелері. Қазақстанның экологиялық жағдайы.

Ұсынылып отырған табиғатты қорғау білім мазмұнын зерделеу арқылы оқушылардың табиғат қорғау құзыреттіліктерін қалыптастыруға қатысты бірқатар психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалды. Сонымен құзыреттілік деп білім беру нәтижесінде оқушының іс-әрекет әдістерін, құралдарын нақты меңгеруіне, қойылған мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін біліктер мен дағдыларға ие болуын айтамыз [3,4]. Осыған орай табиғатты қорғау құзыреттіліктер – бұл оқушының өмірлік жағдаяттарда табиғат қорғауға қатысты мәселелерді шешу үшін алған географиялық және табиғат қорғауға қатысты білім, білік, дағдыларды күнделікті практикалық іс-әрекетте қолдануды қамтитын кіріктірілген тұлғалық сапасы.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талқылау. Табиғатты қорғау құзыреттіліктер 1-кестеде берілген табиғатты қорғау білім мазмұнын оқушылардың меңгеруі нәтижесінде қалыптасатыны анықталды. Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі географияны оқытуда оқушылардың табиғат қорғау құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемелік моделін даярлау болып табылады. Ол үшін алдымен модельдеу таным теориясының негізгі категориясына жататындығы анықталып, модельдеудің негізгі ұстанымдарына бір-бірімен тығыз байланыстағы ұқсастық немесе толық үйлестік және жүйелілік жататындығы анықталды. Модельдеу дегенімізді – «табиғи затты олардың аналогтары, нұсқалары арқылы арнайы құрастыру жолымен заттай және ойша елестету, сол арқылы осы жүйені ұйымдастыру жолдары мен қызметін қайта қарау» – деп түсінуге болады [5, 6].

Географияны оқытуда оқушылардың табиғат қорғау құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемелік моделін даярлауда табиғат қорғау білім мазмұнын оқыту технологиясы анықталды. Оқыту технологиясы – білім беру стандарты мен оқу бағдарламасында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін білім беру мазмұнын іріктеу, оқыту әдістерін, құралдарын даярлауды бақылау тәсілі. Заманауи оқытуда оқу іс-әрекеті шығармашылықпен, яғни жаңа мәселелерді шешумен немесе жаңа өнім құрумен байланысты. Ол оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен әр пән бойынша құзыреттіліктерін қалыптастырады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту мәселесін шешудің бір тәсілі –

оқытудың зерттеу технологиясы. «Зерттей отырып оқыту» ұғымы оқушының білім, білік, дағдыларды меңгеруі, зерттеуге деген қызығушылығының артуын білдіреді. Зерттей отырып оқытуда мұғалімнің де кәсіби даярлығының (түсінікті түрде нақты оқу-зерттеу тапсырмаларын таба және қоя білу; дидактикалық тұрғыдан зерттеу проблемасымен қызықтыра білу; ғылыми ізденісте үйлестіруші және кеңес беруші функцияларын орындай алу; зерттелетін материалдың мазмұнына сәйкес бақылау, эксперимент, экскурсия, пікірталас, оқу ойындары және оқытудың басқа да белсенді әдістерді меңгеру) маңызы зор. Себебі, оқушылардың оқу зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыруы мұғалімнің жетекшілігінсіз жүзеге асырылуы мүмкін емес [7]. Жоғарыда айтылған талдауларды қорытындылай келе географияны оқытуда оқушылардың табиғат қорғау құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемелік моделін даярлауда оқытудың зерттеу технологиясын ұсынамыз (1-сурет).



Сурет 1 – Оқушылардың табиғат қорғау құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемелік моделі

Қорытынды. Оқушылардың табиғат қорғау құзыреттіліктерін қалыптастыруда оқытудың зерттеу технологиясы мен оны практикалық жүзеге асыру деңгейлері маңызды рөл атқарады. Мәселен, мұғалім табиғатқа қорғауға қатысты мәселені қояды және оны шешудің стратегиясы мен тактикасын анықтайды. Студенттер өз бетінше шешім қабылдап, табиғатқа қорғауға қатысты мәселені зерттеу әдістерін өздері іздейді.

Географиялық білім беру мазмұнын жаңартуды талдай отырып, тұрақты даму стратегиясын іске асыру оқушылардың ойлау тәсілін өзгертуді, оның болжамды қасиеттерін күшейтуді білдіреді. Табиғат қорғауға қатысты құзіреттілік болашақ оқушылардың маңызды сипаттамаларының біріне айналады.

Табиғат қорғау құзіреттіліктерін қалыптастыру жаратылыс-ғылыми пәндердің, оны ішінде географиялық білім беру мазмұнын табиғат қорғауға қатысты білім мазмұнымен толықтыруды қарастырады. Табиғат қорғау адам-қоғам-табиғат арасындағы үйлесімділікті қамти келе, оқушылардың табиғат алдындағы өз жауапкершілігін сезінуін, табиғи ортамен үйлесімді қатынас жасай алатын табиғат қорғауда сауатты әрі мәдениетті тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Селивановская С.Ю., Переведенцев Ю.П., Тишин Д.В., Латыпова В.З., Зарипов Ш.Х., Ермолаев О.П., Сироткин В.В., Рогова Т.В., Гайсин И.Т. Окружающая среда и устойчивое развитие регионов. *Известия Российской академии наук. Серия географическая.* 2014;(2):118-119. <https://doi.org/10.15356/0373-2444-2014-2-118-119> (дата обращения: 10.03.2022).

2. Жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.

3. Беловолова Е.А. Формирование ключевых компетенций на уроках географии. 6-9 классы. – М.: Вентана-Граф, 2010. – 240 с.

4. Карбаева Ш.Ш. Мектептегі бағдарлы оқыту үрдісінде оқушылардың әлеуметтік-экологиялық біліктерін қалыптастыру (жаратылыстану пәндері мысалында): дисс. ... пед. ғылымд. канд.: / Ш.Ш.Карбаева. – Алматы, 2008. – 143 б.

5. Савченко Н.Д., Бурилова С.Ю. Моделирование учебной деятельности студентов и определение видов необходимых дидактических материалов. <https://cyberleninka.ru/article/n/modelirovanie-uchebnogo-protssessa-studentov-na-osnove-deyatelnostnogo-podhoda> (дата обращения: 11.03.2022).

6. B John Oommen, M Khaled Hashem. Modeling the “learning process” of the teacher in a tutorial-like system using learning automata. PMID: 23757589 DOI: 10.1109/TSMCB.2013.2238230. <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/23757589/> (дата обращения: 11.03.2022).

7. Шарипов М.Ф. Технология исследовательского обучения. //Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 5 (часть 3). – С. 371-374.

8. Монсаррат С., Фернандес Н., Энрике М. Перейра, Йенс-Кристиан Свеннинг. Supporting the restoration of complex ecosystems requires a long-term and multi-scale perspective. *Экография.* 2022: e06354-doi: 10.1111/ecog.06354-Том 2022, Выпуск 4 Спецвыпуск: Спецвыпуск реставрации <https://doi.org/10.1111/ecog.06354>

References

1. Selivanovskaya S.Y., Perevedentsev Yu.P., Tishin D.V., Latypova V.Z., Zaripov S.K., Yermolayev O.P., Sirotkin V.V., Rogov T.V., Gajsin I.T. Environment and sustainable development of the regions. *Izvestiya Rossiiskoi Akademii Nauk. Seriya Geograficheskaya.* 2014;(2):118-119. (In Russ.) <https://doi.org/10.15356/0373-2444-2014-2-118-119> (data of acces: 10.03.2022).

2. Standard curriculum of the subject "Geography" for Grades 7-9 of the level of basic secondary education according to the updated content. – Astana, 2016.

3. Belovolova E.A. Formation of key competencies in geography lessons. Grades 6-9. – М.: Ventana-Graf, 2010. – 240 p.

4. Karbayeva Sh. Sh. Formation of socio-environmental skills of students in the process of oriented learning at school (on the example of Natural Sciences): diss. ... ped. science. kand.: / Sh. Sh. Karbayeva. – Алматы, 2008. – 143 P.

5. Savchenko N.D., Burilova S.Yu. Modeling of students' learning activities and determining the types of necessary didactic materials. (In Russ.) <https://cyberleninka.ru/article/n/modelirovanie-uchebnogo-protssessa-studentov-na-osnove-deyatelnostnogo-podhoda> (data of acces: 11.03.2022).

6. B John Oommen, M. Khaled Hashem. Modeling the “learning process” of the teacher in a tutorial-like system using learning automata. PMID: 23757589 DOI: 10.1109/TSMCB.2013.2238230. <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/23757589>(data of acces:11.03.2022).

7. Sharipov M.F. Technology of research training. //International Journal of Experimental Education. - 2016. - No. 5 (part 3) - pp. 371-374.

8. Sophie Monsarrat, Néstor Fernández, Henrique M. Pereira, Jens-Christian Svenning. Supporting the restoration of complex ecosystems requires long-term and multi-scale perspectives. *Ecography*.2022: e06354- doi: 10.1111/ecog.06354 Volume 2022, Issue 4. Special Issue: Restoration Special Issue. – April 2022

ӘОЖ502.315
FTAMP 87.03.03

С.Б. Қындыбаева¹, Ш.У. Лайсханов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРҒА ТАНЫМ ӘДІСТЕРІН МЕНГЕРТУ АРҚЫЛЫ ҚОРШАҒАН ОРТА ТУРАЛЫ БІЛІМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушыларға таным әдістерін меңгерту арқылы қоршаған орта туралы білімдерін жетілдіру мәселесі қарастырылды. Оқушылардың қоршаған орта туралы білімін жетілдіру бағытында қолданылатын таным әдістерін саралау және олардың білім берудегі тиімділіктеріне талдау жұмыстары жүргізілді. Мақалада қоршаған орта туралы таным әдістеріне ғылыми жарияланымдар және әдебиеттерге, дереккөздерге жан-жақты талдау жасалды. Теориялық бөлімде жалпы баланың қоршаған ортаға деген қызығушылығының пайда болуына сипаттама және тірек терминдермен негізгі ұғымдарға мысал келтірілді. Практикалық бөлімде балада қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтың пайда болу кезеңдерін анықтап, таным әдістеріне және олардың практикалық маңыздылығына жеке-жеке тоқталдық. Танымдық құзіреттілігін арттыра отырып оқыту және оқушы таныған ортасын ақпараттық құзіреттілікпен қамту сынды басты әдістермен қамтамасыз етілді. Мұғалімнің және білім алушының салыстыру әдісіндегі іс-әрекеттеріне қысқаша мысал келтірілді. Оларды география пәнін оқытуда түрлі әдіс тәсілдердің қолданылу жолдарын көрсетіп, тапсырмалар негізінде оқушылардың білімін толықтыру, бекіту-дегі маңыздылығына талдау жасалынды.

Түйін сөздер: таным әдістері, танымдық іс-әрекет, география пәні, қоршаған орта, салыстыру әдісі, бақылау әдісі, тәжірибе әдісі.

Қындыбаева С.Б.¹, Лайсханов Ш.У.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ ОБ ОКРУЖАЮЩЕМ МИРЕ ПУТЕМ ОВЛАДЕНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫМИ МЕТОДАМИ

Аннотация

В данной статье рассмотрена проблема совершенствования знаний об окружающей среде через овладение учащимися методами познания. Проведена работа по дифференциации методов познания, применяемых в направлении совершенствования знаний учащихся об окружающей среде, и анализу их эффективности в образовании. В статье проведен комплексный анализ научных публикаций и литературы, источников, методов познания окружающей среды. В теоретической части дана характеристика возникновения интереса ребенка к окружающей среде в целом и пример основных склонностей с опорными терминами. В практической части мы выделили этапы возникновения у ребенка интереса к познанию окружающего мира и отдельно остановились на методах познания и их практической значимости. Повышение познавательной компетентности было обеспечено такими основными методами,

как обучение и обеспечение информационной компетентностью среды, в которой обучается ученик. Приведен краткий пример действий учителя и обучающегося в методе сравнения. На основе заданий был проведен анализ их значимости в закреплении, пополнении знаний учащихся.

Ключевые слова: методы познания, познавательная деятельность, предмет географии, окружающая среда, метод сравнения, метод наблюдения, метод эксперимента.

S.Kyndybaeva¹, Sh.Laishanov¹
¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

IMPROVING STUDENTS' KNOWLEDGE ABOUT THE WORLD BY MASTERING COGNITIVE METHODS

Abstract

This article discusses the problem of improving knowledge about the environment through mastering the methods of cognition by students. Work has been carried out to differentiate the methods of cognition used in the direction of improving students' knowledge about the environment, and to analyze their effectiveness in education. The article provides a comprehensive analysis of scientific publications and literature, sources, methods of environmental cognition. In the theoretical part, a characteristic of the emergence of a child's interest in the environment as a whole and an example of basic inclinations with reference terms are given. In the practical part, we highlighted the stages of the child's interest in learning about the world around him and separately focused on the methods of cognition and their practical significance. The improvement of cognitive competence was provided by such basic methods as teaching and providing the information competence of the environment in which the student is studying. A brief example of the actions of a teacher and a student in the comparison method is given. Based on the tasks, an analysis of their significance in consolidating and replenishing students' knowledge was carried out.

Keywords: methods of cognition, cognitive activity, subject of geography, environment, comparison method, observation method, experimental method.

Педагог – психологтар кез келген тұлғада қоршаған ортаны тануға деген қызығушылық баланың 1-2 жасынан басталатынын алға тартады. Адам мақсатты түрде айналасындағы дүниені білуге, оның жаратылысын түсінуге ынтасы 3-5 жасынан оянады. Баланың жас ерекшелігіне қарай олардың қоршаған ортамен танысу процесіне ата-ана, ұстаз, достары қатысады. Ал балаға қоршаған ортаны танытудың ғылыми негізі олар мектеп жасына жеткенде басталады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында» (1, 7 бап). оқушының жеке қарым-қабілетіне қарай таным түсінігінің қалыптасуы, патриоттық сезімнің орнығуы мен Отанға деген сүйіспеншілігін дамыту мәселесі мемлекеттік білім саясатының сонымен бірге оқыту процесінің құрамдас бөлігі, басты ұстанымы екендігі нақтыланған. Демек оқыта отырып, балаға табиғат құбылыстарын таныту, қоршаған ортамен таныстыру үрдісі қатар орындалуы керек. Осы мақсатта мемлекеттік білім беру үрдісінде жекелей пәндер мен факультативтік курстарды оқыту қарастырылған. «Дүниетану», «Жаратылыстану», «География» пәндерімен қатар «Өлкетану» курсы білім беру процесінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеңілден-күрделіге қарай бағытталған әдістемесі арқылы қоршаған ортаны терең тануға мүмкіндік береді. Бала кішкентай кезінде қоршаған ортаны біртұтас жүйе ретінде қабылдайды. Олар қоршаған ортаның биологиялық, физикалық, химиялық процесстер мен құбылыстардан құралатынына жете көңіл бөлмейді [2]. Жоғарыда аталған пәндер балалардың танымына, қоршаған ортаның осындай ерекшеліктері бар екенін ұғындырып, ғылыми – практикалық тұрғыда түсінік қалыптастырады. Ол үшін аталған пәндерді оқытудың, тиімді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені осы пәндер арқылы баланың таным деңгейі артады. Демек, қоршаған ортаны тануда таным әдістерін пайдаланудың өзектілігі жоғары.

Ғылыми әдебиеттерде «таным» ұғымына мынадай анықтама береді. «Таным – бұл адамның білімді игеруі мен меңгеруін қамтамасыз ететін психикалық рефлексия процесі. Таным - сезім, қабылдау, зейін, бейнелеу, есте сақтау, ойлау, қиял және сөйлеу сияқты психикалық процесстер арқылы жүзеге асырылады. Таным процесінде жинақталған білімге негізделген және қоршаған шындық ұғымдары мен құбылыстарының одан әрі дамуын болжауға мүмкіндік беретін форсайт, қиял, түйсігі сияқты ақыл-ой іс-әрекетінің формалары қатысады» [2]. Яғни педагогикадағы таным әдістері қоршаған ортаны таныту процесінде баланың эмоциялық күйіне әсер ете отырып, жаңа ақпаратты қабылдауына бейнелеу, қиялын шыңдау

арқылы нақты нәтиже көрсете алады. Орыс ғалымы, педагогика ғылымдарының докторы Виталий Александрович Слостенин [3] бала жаңа білім мен қоршаған ортаны тану үшін педагогика әдістемесінде таным түсінігіне іс-әрекет тіркесін қосады. Танымдық іс-әрекет терминінің мазмұнының былайша түсіндіреді: «Танымдық іс-әрекет – бұл сенсорлық қабылдау, теориялық ойлау және практикалық іс-әрекеттің бірлігі. Ол әр өмірлік қадамда, барлық іс-шаралар мен әлеуметтік қатынастарда жүзеге асырылады ... (өнімді және әлеуметтік пайдалы еңбек, құндылыққа бағдарланған және көркем эстетикалық қызмет, қарым-қатынас), сондай-ақ, оқу процесінде әртүрлі пәндік-практикалық әрекеттерді орындау арқылы (эксперимент, дизайн, зерттеу мәселелерін шешу және т.б.) жүзеге асады». Демек, В.А. Слостенин тұжырымында балаға оқыту процесінде қоршаған ортасын таныту тек теориялық білім берумен шектелмей, зерттеу жүргізу, эксперимент жасау сынды зерттеу әдістеріне негізделген практикалық бөлімнің маңызын көрсетеді. Шындығында да, дәстүрлі оқытумен қатар жаңартылған білім беру мазмұны бойынша география пәнін оқытуда практикалық бөлім айрықша орын алады. Мәселен, сабақ барысында табиғат құбылысы найзағай шағылуын түсіндіру үшін, оған теориялық анықтама берумен шектелу жеткіліксіз. Оның физикалық түзілімін білу үшін топтық эксперимент жасау, жалпы құрылымы мен табиғатта пайда болу ерекшеліктерін ұғыну үшін географиялық қауымдастықтар ұсынған бейне-үзіктерді, фото-суреттерін көру, дыбыстық ерекшелігін бала танымына орнықтыру үшін найзағай дыбысын аудио-нұсқада тыңдату келесі ретте баланың найзағайды жаңылмай тауып оның түзілу процесін ұмытпайтын деңгейге жеткізеді.

Осылайша, танымдық іс-әрекет – бұл оқу процесінің құрылымымен және іс-әрекеттің жалпы құрылымымен байланысты болатын тұтас процесс. Танымның жетекші формасы ретінде танымдық іс-әрекет – бұл сенсорлық қабылдаудың, теориялық ойлаудың және оқушылардың практикалық іс-әрекеттерінің тұтастығы. Оқушылардың танымдық іс-әрекетінде таным пәні туралы білім жүзеге асырылады. Оның мәні, мақсаттары, міндеттері, әдістері, тәсілдері және ұйымдастыру әдістері сынды критерилері мен педагогикада қалыптасқан таным методологиясы туралы түсінікті практикалық бөлімде талқылаймыз. Сабақ барысында танымдық іс-әрекеттің жүйелі ұйымдастырылуы оқушылардың жеке ерекшеліктерімен қатар, қабылдау, тану, сезіну, білу сынды дағдылары қалыптасады.

Зерттеу мақаламызға негіз болған келесі ұғым «қоршаған орта». Қоршаған орта термині латын (*ambiendo*) тілінен шыққан. Қоршаған орта ұғымы кең ауқымды қамтиды. Бүгінде бұл сөз әлеуметтік орта, кәсіби орта, табиғи орта сынды тіркестердің орнына да қолданылады. Тілімізде қоршаған орта тіркесіне «табиғат» сөзі синоним бола алады. Сондықтан, қоршаған орта жайлы сөз болғанда, табиғат құбылыстары, табиғатты қорғау – қоршаған ортаны қорғау бір мағынада қолданылып жатады. Профессор Е.Арын [4] «Қазақша-орысша» түсіндірме сөздігінде қоршаған ортаға – адамзат өмір сүретін табиғи орта деп анықтама бере отырып, адам, жан-жануар, өсімдіктер тіршілік ететін, әрекет ететін орта деп қосады. Демек, қоршаған орта адамзат өмірімен тығыз байланысты, күнделікті тіршілікте етене жақын байланыс орнататын табиғат. Адам мен табиғат ежелден бірін-бірі толықтырады. Адам табиғатты қажетіне жаратады. Бастысы шекті білу қажет. Шектен асқан жағдайда қоршаған ортаны қорғау мәселесі туындайды. Әлемдік деңгейде саралар болсақ, адамзаттың табиғатқа шектен тыс әсері қоршаған ортаны қорғау мәселесін өзекті ете түскенін байқаймыз. Осыдан қоршаған ортаны қорғау түсінігі қалыптасып, тіпті осы мәселемен мақсатты түрде айналысатын халықаралық ұйымдар пайда болды. Сонымен қатар, әр мемлекет қоршаған ортаны қорғауды Заң жүзінде бекіткен. Біздің елде «ҚР табиғатты қорғау туралы Заң» (1,1 бап.) 1997 жылы 15 шілдеде қабылданды. Мемлекеттік норма бойынша қоршаған ортаны қорғау - табиғат пен адамның өзара үйлесімді іс-қимылына, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен толықтыруға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі, демек, педагогикада балалардың қоршаған орта туралы білімін жетілдіру ісінде қоршаған ортаны қорғау мәселесі бірге жүруі қажет.

Оқушылардың қоршаған орта жайлы білімін жетілдіруде таным әдістерінің практикалық маңызы

Дүниетану және география пәндерінен оқытудың әдістемелік негізін қалаушы орыс ғалымы Александр Яковлевич Герд [5, 20 б.] «Адамзат шынайы пайдаға асыратын білімді тек оқу арқылы емес: бақылау, салыстыру және тәжірбие арқылы игереді. Сондықтан география пәнін оқытуда осы үш әдіс күдіретті», деп таным әдістерінің ішінде ерекше маңыз беру тиіс әдіс-тәсілдерді атап көрсетеді. Ол атаған әдістер оқушылардың қоршаған ортаны тану жайлы білімін жетілдіруге зор ықпал ететіндігін көрсеткен.

Жоғарыда көрсетілген таным әдістері арқылы білім берудің екі міндетті бағыты бар:

- Танымдық күзиреттілік қабілетін дамыта отырып оқыту.
- Оқушы таныған ортасын ақпараттық күзиреттілікпен қамту [6].

Бірінші бағытта оқушылардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы қалыптасып, оны зерттеуге,

білуге деген танымдық құзіреттілігі қалыптасады. Бұл кезең А.Я. Герд ұсынған таным әдістерінің ішіндегі бақылау тәсілін еске түсіреді. Яғни, оқушы қоршаған ортадағы құбылыстарды өз бетінше тануға ұмтылу немесе олардың пайда болу процесін білуге деген қызығушылығы арқылы бақылайды;

Танымның **бақылау** әдісі үш кезеңге жіктеледі:

✚ Мұғалім басшылығымен бақылау (бұл бастауыш сыныпта оқушардың табиғатты бақылауды, ондағы ерекшеліктерді жете түсінбейтін кезеңінде жүргізіледі);

✚ Жүйелі түрде қысқа мерзімді бақылау (бұл оқушылар табиғат аясында болғанда жыл мезгілдеріне қарай өзгерістерді тұрақты бақылауы);

✚ Жеке, ұзақ мерзімді бақылау (өсімдіктің өніп-өсу, қурау процесін өз бетінше бақылауы).

Екінші бағытта қызығушылығын нақты ақпаратпен түйіндеуі жүзеге асады. Яғни мұнда оқушы мұғалім берген білім немесе өз бетінше ақпаратты іздеу арқылы қызыққан құбылысына қатысты ақпаратты меңгеруі.

Оқу процесінде балаларға таным әдістері арқылы қоршаған орта туралы білімін жетілдіруде табиғи құбылыстардың әсерін тікелей, етене тануға жағдай жасау маңызды. Бұл құрылымға көру, бақылау, ұстау, иіскеу, есту, дәмін тату, зерттеу және эксперимент жүргізу әрекеттері кіреді. Оқушы қоршаған ортаны тану барысында шын мәнінде осы әрекеттерді сезіну үшін, таным-түсінігіне әсер ету үшін пән мұғалімі тарапынан жеке-ұзақ мерзімді тапсырмалар берілуі тиіс. Мәселен, лимон жемісін үй жағдайында гүл түбегіне отырғызып, өсіру тапсырмасы беріліп, әрбір жаңа процесті күнделік ретінде жазып отыру жүктелсе, оқушы лимон дәнін алып, егіп, күтіп-баптап, өсіруге талпынады. Осы мерзім ішінде ол табиғаттың маңызды бөлшегі өсімдік-жемістердің жетілу процесін көзімен көріп, бақылап, ұстап эксперимент жүргізеді. Тәжірибе барысында тұқымның сабақ шығаруы, жапырақ жаюы, гүлдеуі, жеміс беруі сынды процестерін жақын бақылай отыра әрқайсысының жетілу уақытын күнделіктегі ақпаратқа қарай біліп қана қоймай, процесті жете тануға қызығушылығы артады. Ойлауға итермелейтін «қалай?», «неліктен?» сұрақтармен қатар жадын дамытатын «қашан?», «қайда?» сұрақтары туындайды. Бала сұрақ қою арқылы, жауап іздеу арқылы танымын дамытады, ақпараттық білімін жетілдіреді.

География сабағында оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда қолданылатын келесі әдіс – **салыстыру** [6]. Салыстыру әдісіндегі ең басты қағида оқушылар зат пен құбылыстың өзіне ғана тән ерекшелігі мен ортақ белгілерін ажырата алады. Ресей білім беру ісінде ғылыми-педагогиканың негізін қалаушы Константин Ушинский [5, 8 б.]: «Салыстыру – кез келген ұғымның, танымдық ойлаудың өзегі», дейді. Шынындада, география пәніндегі салыстыру әдісінің оқушылардың білімін дамытуда маңызы зор. Салыстыру әдісін сабақ барысында қолданудың шартты кестесін ұсынамыз (кесте 1).

Кесте 1 – Мұғалімнің және білім алушының салыстыру әдісіндегі іс-әрекеттері

Жұмыс барысы	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
Сабаққа дейін	1. Сабақ тақырыбына сәйкес салыстыратын құбылыстарды таңдайды. Мәселен: жаңбыр мен қарды салыстыру; 2. Оқушының дайындығы үшін негізгі және көмекші құралдарды дайындайды; 3. Сабақтың сценарийін жасайды	1. Таңдалған құбылыстарды мұғалімнен сұрап біледі; 2. Тақырып бойынша өз бетінше ізденеді.
Сабақ кезінде	Таңдалған табиғат құбылыстарына мысал бола алатын ерекше фактілерді атап, қысқаша түсіндіреді; Оқушылар дайындап келген ақпараттарды сұрайды.	Кейбір түсініксіз жайттарды сұрайды; Жаңбыр мен қардың ортақ сипаттары мен ерекшеліктерін айтады.
Сабақтан соң	Оқушылардың салыстыру әдісін меңгеру дәрежесін бағалайды.	«Венн» диаграммасы негізінде қар мен жаңбыр қасиеттерін салыстырып, жазбаша формасын мұғалімге өткізеді.

География сабағында таным әдісі арқылы оқушылардың қоршаған орта туралы білімін толықтыруда сыныпта немесе зертханалық сыныпта жасалатын тәжірибенің әсері мол. Яғни, **тәжірибе әдісі**, оқушыларға табиғат құбылыстарын, оның құрамдас бөліктерін жете тануға мүмкіндік береді. Жер қойнауындағы түрлі-түсті пайдалы қазбалардың қасиеттерін анықтау, топырақтың түзілу қабаттарын ажырату, фильтр арқылы суды тазарту сынды тапсырмалар мұғалімнің басшылығымен немесе қауіптілік, күрделілік деңгейіне қарай мұғалімнің өзі, жаппай оқушылардың қатысу арқылы тәжірибе жүргізіледі.

Оқушылардың қоршаған орта туралы түсінігін тереңдетіп, білімін дамыту барысында сыныптан тыс, қосымша ұйымдастырылатын шаралардың маңызы зор. Олардың табиғат құбылыстары мен жаратылыстарын етене түсіну үшін топтық экскурсия, сенбілік, маусымдық ағаш егу сынды шараларды ұйымдастыру нәтиже береді.

Қорыта келе, география сабақтарында қолданылатын таным әдістерінің аталған түрлері оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдап, сыни ойлау жүйесін дамытады, танымдық қабілеттерін қалыптастырады. Оқушылардың қоршаған ортаны тануға, қорғауға деген ынтасы пән мұғалімінің сабақты жүйелі жоспарлап, қызықты тапсырмалар негізінде дидактикалық көрнекі құралдар мен заманауи технология мүмкіндіктерін пайдаланып өткізуі серпінді әсер береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Әділет” АҚЖ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/> (жүзін күні 18.03.2022)
2. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 440 б.
3. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы, 2014. – 360 б.
4. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша. – Павлодар: «ЭКО» ГӨФ, 2006. – 569 б.
5. Ерболат Б.Е., Нәбиева Ж.Ж. Дүниетану пәнін оқыту әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал, 2020. – 79 б.
6. Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «География» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 242 б.

References:

1. “Ädilet” AQJ Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqytq aktileriniñ aqparattyq-qūqyqytq jüiesi URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/> (jüginu küni 18.03.2022)
2. 2019-2020 oqu jylynda Qazaqstan Respublikasynyñ orta bilim beru üiymdarynda oqu-tärbie prosesin üiymdastyruudyñ ereşelikleri turaly: Ädistemelik nūsqaı hat. – Nūr-Sūltan: Y. Altynsarin atyndağy Ūlttyq bilim akademiasy, 2019. – 440 b.
3. Avtorlar: F.B., Bōribekova N.J., Janatbekova., Qazırğı zamanğy pedagogikalıq tehnologialar: Oqulyq. – Almaty, 2014. – 360 b.
4. Jalpy redaksiyasyn basqarğan e.ğ.d., professor E. Arın Oryssa-qazaqşa tüsındırme sözdık: Äleumettanu jäne saiasattanu boıynşa. – Pavlodar: «EKO» GÖF, 2006. – 569 b.
5. Avtorlar: Erbolat B.E., Nābieva J.J. Dūnietanu pānin oqytu ädistemesi: Oqu-ädistemelik qūral. – Oral: 2020. – 79 b.
6. Bilim beru mazmūny jañartylğan oqu bağdarlamasymen «Geografia» oqu pānin (10-11-synpytarda) oqytu boıynşa ädistemelik üsynymdar. Ädistemelik üsynymdar. – Nūr-Sūltan: Y. Altynsarin atyndağy Ūlttyq bilim akademiasy, 2020. – 242 b.

A.Savanchiyeva¹, E.Tokpanov², K.Omarov¹, O.Kabylgazy²

*¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

*²Zhetysu State University named after I. Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan*

FORMATION OF MAPPING COMPETENCES OF FUTURE TEACHERS OF GEOGRAPHY BASED ON THE USE OF ELECTRONIC INTERNET MAPS

Abstract

One of the pressing problems was the formation of the professional competence of the future teacher in connection with the updating of the content of education, the widespread use of modern electronic maps in accordance with the requirements of the information society in all spheres of the economy. The effective methods of using modern electronic Internet maps and digital cartographic products in order to master geographical knowledge, the importance of cartographic competence in the professional development of future teachers of geography are considered in the article. The content of functional literacy and the structure of the formation of cartographic competence in a higher educational institution are revealed. Personally oriented teaching approach, the main methods of using electronic interactive digital maps of the process of forming the cartographic competence of future geography teachers are determined.

Analysis of methods for the development of cartographic literacy of students showed that working with interactive Internet maps yandex.kz/maps, google.kz/maps gismeteo.kz/maps occupy a special place in the formation of subject and meta-subject competencies of future teachers of geography, deepening theoretical knowledge, increasing them cartographic, information technology, methodological competence in the development of complex geological, geomorphological, climatic concepts. The use of interactive maps allows you to improve the quality of training, make it dynamic, solve several problems - visibility, accessibility, individuality, control, independence.

Keywords: competence, cartographic competence, functional literacy, professional activity, cartometry.

Саванчиева А.С.¹, Токпанов Е.А.², Омаров К.М.¹, Кабылгазы О.²

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова,
г. Талдыкорган, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ КАРТОГРАФИЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ГЕОГРАФИИ НА ОСНОВЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭЛЕКТРОННЫХ ИНТЕРНЕТ-КАРТ

Аннотация

В статье рассматриваются эффективные методы использования современных электронных интернет-карт и цифровых картографических продуктов с целью овладения географическими знаниями, важность картографической компетенции в профессиональном развитии будущих учителей географии. Одной из актуальных проблем стало формирование профессиональной компетентности будущего учителя в связи с обновлением содержания образования, широким использованием современных электронных карт в соответствии с требованиями информационного общества во всех сферах экономики. Раскрывается содержание функциональной грамотности и структура формирования картографической компетенции в высшем учебном заведении. Личностно ориентированный подход к обучению, определены основные методы использования электронных интерактивных цифровых карт процесса формирования картографической компетентности будущих учителей географии.

Анализ методов развития картографической грамотности учащихся показал, что работа с интерактивными интернет-картами yandex.kz/maps, google.kz/maps gismeteo.kz/maps занимают особое место в формировании предметных и метапредметных компетенций будущих учителей географии, углублении

теоретических знаний, повышении их картографической, информационно-технологической, методической компетентности при разработке сложных геологических, геоморфологических, климатических концепций. Использование интерактивных карт позволяет повысить качество обучения, сделать его динамичным, решить несколько проблем - наглядность, доступность, индивидуальность, контроль, независимость.

Ключевые слова: компетентность, картографическая компетентность, функциональная грамотность, профессиональная деятельность, картометрия.

А.С. Саванчиева¹, Е.А. Тоқпанов², Қ.М. Омаров¹, Ө.Қабылғазы²

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

*²І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан*

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ИНТЕРНЕТ-КАРТАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ГЕОГРАФИЯ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада географиялық білімді игеру мақсатында заманауи электронды интернет-карталар мен цифрлы картографиялық өнімдерді пайдаланудың тиімді әдістері, болашақ география мұғалімдерінің кәсіби дамуындағы картографиялық құзыреттіліктің маңыздылығы қарастырылады. Жоғары оқу орнында функционалдық сауаттылықтың мазмұны және картографиялық құзыреттілікті қалыптастыру құрылымы ашылады. Білім беру мазмұнын жаңартуға, экономиканың барлық салаларында ақпараттық қоғамның талаптарына сәйкес заманауи электрондық карталарды кеңінен қолдануға байланысты болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өзекті проблемалардың бірі. Болашақ география мұғалімдерінің картографиялық құзыреттілігін қалыптастыру процесінің электронды интерактивті цифрлық карталарын қолданудың негізгі әдістерін анықтау.

Оқушылардың картографиялық сауаттылығын дамыту әдістерін талдау интерактивті интернет-карталармен жұмыс жасауды көрсету yandex.kz/maps, google.kz/maps, gismeteo.kz/maps болашақ география мұғалімдерінің пәндік және метапәндік құзыреттерін қалыптастыруда, теориялық білімдерін тереңдетуде, күрделі геологиялық, геоморфологиялық, климаттық тұжырымдамаларды әзірлеуде олардың картографиялық, ақпараттық-технологиялық, әдістемелік құзыреттілігін арттыруда ерекше орын алады. Интерактивті карталарды пайдалану оқытудың сапасын арттыруға, сондайақ – оны бірнеше мәселелерді көрнекілік, қолжетімділік, даралық, бақылау, еркін шешуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: құзыреттілік, картографиялық құзыреттілік, функционалдық сауаттылық, кәсіби қызмет, картометрия.

Introduction. As a result of the development of GIS technology and informatization of society, cartography has become not just an instrument of cognition, but also the manager of spatial information of the interaction and functioning of nature and society [1]. In this regard, the cartographic training of a future specialist in the context of geographical pedagogical education, its theoretical foundations and teaching methods are of great importance.

Questions of cartographic training of future teachers of geography are considered in the works of A.M. Berlyant [2], T.S. Komissarov [3] Ye.A. Customs [4], E.A. Sankova [5], O.V. Krylova, A.I. Krylov, P.A. Kornienko [6] and other scientists.

The analysis of scientific and scientific-methodical literature showed that the development of cartographic competence makes it possible to deepen the theoretical knowledge and cognitive activity of students. Therefore, the purpose of the study is to uncover the meaning of the use of interactive electronic maps for the development of functional literacy and the formation of cartographic competence in future teachers of geography.

Materials and methods. Experimental studies to determine effective methods for the formation of cartographic competencies of students were carried out in the basic and profiling disciplines of educational programs 6B01509-Geography, 7M01506-Geography studied by students and undergraduates of the Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Talдықorgan. The methods of graphical analysis, experiment, comparative analysis, generalization, modeling, evaluation were used in the study.

Results and discussion. Cartographic competence is considered by scientists in the framework of the study of such qualities of future teachers of geography as «competence», «professional readiness», «professional training», «professional competence». An important element in the preparation of a future teacher of geography is the development of cartographic competencies through the use of digital and electronic Internet maps, modern geographic information systems and virtual three-dimensional models of the Earth, and other types of electronic educational resources in the educational process.

Cartographic literacy as a component of mass geographic culture is formed in the process of studying geography in educational institutions. This concept unites the presence of theoretical knowledge about the properties of the main types of geo-images, location, relative sizes, shapes of the most important objects on the earth's surface, the ability to obtain geographic information from maps, and create the simplest cartographic products (Figure1).




Figure 1 – The structure of cartographic literacy of students

Among the technical innovations coming to school today, a special place is occupied by Internet maps, which are new types of interactive geography teaching tools. Working with interactive maps, the teacher has the opportunity to create non-standard visual images necessary for each stage in a particular lesson, which are not found in any other source.

Interactive maps can significantly expand the capabilities of traditional geographic maps. The most important geo-images include the globe, which forms the correct understanding of students about the shape of the Earth, the relative position and shape of geographic objects on the earth's surface. Of great importance are geographic maps (thematic and general geographic, including topographic), which make it possible to most fully and comprehensively reflect the geographic reality. The most commonly used terrain plans in everyday life on earth, as well as aerial photographs and satellite images, are important sources of basic geographic information.

The use of geographical maps as a source of knowledge and a means of teaching enables future teachers of geography to master the skills of determining the location and comparative characteristics of natural and socio-economic objects, disclosing the patterns of formation of processes and phenomena using conventional map symbols [7].

The formation of the cartographic competence of future teachers of geography allows determining the geographical and rectangular coordinates of points, azimuths and directional angles of directions, calculating the areas of sites, making profiles using contour lines, and other cartometric tasks in accordance with the updating of the content of school geography [8].

Of great importance in the formation of the subject and metasubject competencies of future teachers of geography is the development of skills in working with interactive Internet maps.

An interactive map is an electronic map that works in the mode of two-way dialog interaction between a user and a computer, which is a visual information system [4, 7].

An important characteristic of electronic cards is the presence of an information block. This block reflects the specifics of the map, focusing on the most significant features of geographic objects and territories.

When working with an electronic map, you can:

- to zoom in on the selected areas of the earth's surface for a more detailed examination;
- to remove some of the symbols, simplifying the map, making it more visual. For example: you can show mineral deposits or hide them; using different combinations of layers based on the basemap, you can create a whole set of specialized maps; you can hide the graticule and show the location of the largest cities in the world.
- a number of maps can be combined, which allows you to identify causal relationships and patterns.

Using search elements, zooming in and out of the virtual three-dimensional model of Googl «Earth (Google Earth)» allows you to find absolute heights, geographical coordinates of the highest peaks of large mountain systems, such as the Alps, Andes, Atlas, Gimolaus, Cordiller, on separate continents of the world [9, 10].

The development of skills in the use of a three-dimensional model of the Earth earth.google planet Earth, an interactive map google.kz/maps, yandex.kz/maps, tourister.ru/world/asia/kazakhstan/map, meteoprog.kz/ru/wmap allow future teachers to form a cartographic literacy, enhancing the cognitive activity of students.

For the development of cartographic literacy of students, the following tasks can serve

Task 1. Using the search boxes and the elements of increasing (decreasing) the scale of the three-dimensional virtual globe "Googl Earth (Google Earth), write down the highest peaks indicated in Table 1 and determine the geographical coordinates, the height above sea level.

Using search boxes, windows of a three-dimensional virtual globe Googl Earth (Google Earth), tectonic map of the world determine geographic coordinates, altitude, mountain types.

Table 1 – Tasks for working with a virtual three-dimensional model of the Earth Googl Earth

Name peak	Geographical coordinates		Absolute height, m	Mountain system name	Mountain types
	latitude °, ', "	longitude °, ', "			
Khan-Tengri	42°12'41" n.l.	80°10'30" e.l.	6995m	Central Tien Shan	Folded-block
Everest					
Momblant					
Kungur					
McKinley					
Aconcagua					
Mitchell					

Working with an interactive map google.kz/maps gives the possibility of forming basic cartographic concepts such as scale, horizontal, methods of depicting relief on a plane, linear and areal large-scale conventional symbols and skills in reading comprehension and using digital electronic cartographic resources [11].

Interactive maps contribute to the construction of the process of obtaining geographical knowledge based not only on memorizing natural and socio-economic objects, but on an interesting and vivid active process of searching for the territory and settlements where students live. It makes it possible to study the features of the local relief, the mutual arrangement of water and socio-economic objects of the native land.

The main advantage of working with the yandex.kz/maps map is measuring the distance between two points, the length and width of mountain systems, individual continents and oceans, lakes and other objects using a ruler and a route.

Conclusions. The use of gismeteo.kz/maps allows to study the features of the climate, the distribution of air temperature, atmospheric pressure, relative humidity, cloudiness, wind speed and direction in a certain area. Students draw up local climate diagrams for a month based on the analysis of weather elements. It contributes to the development of functional literacy, the formation of cartographic, information, cognitive, methodological and subject competence of future teachers of geography.

Analysis of methods for the development of cartographic literacy of students showed that working with interactive Internet maps yandex.kz/maps, google.kz/maps gismeteo.kz/maps occupy a special place in the formation of subject and meta-subject competencies of future teachers of geography, deepening theoretical

knowledge, increasing them cartographic, information technology, methodological competence in the development of complex geological, geomorphological, climatic concepts.

The use of interactive maps allows you to improve the quality of training, make it dynamic, solve several problems - visibility, accessibility, individuality, control, independence.

References:

1. Sankova E.A. *Technological aspects of the formation of cartographic literacy among university students // Technologies for training specialists in the vocational education system. Monograph. / Edited by P.I. Obratsova. - Orel: OSU, - 2011. - P. 307-316.*
2. Berlyant A.M. *Cartographic literacy and geographical education: problems of reorientation // Geography at school. - 1990. - № 2. - P. 30.*
3. Tamojnyaya E.A. *Computer technology: opportunities for use // Scientific and methodical journal «History at school». - M.: «School-press», 2004. - № 4. - P.46.*
4. Sankova E.A. *Formation of cartographic literacy of students of the Faculty of Natural Sciences by means of adaptive learning technology // Scientific notes of the Orel State University. Science journal. - Orel: OSU, - 2010. - №1(35). - P. 332-338.*
5. Komissarova T.S. *Theoretical foundations of cartographic training of a teacher of geography: abstract of doctoral dissertation. SPb., 2000.*
6. Krylova O.V., Krylov A.I. Kornienko P.A. *Methodical recommendations for working with interactive visual aids in geography. - M.: Drofa, 2008. - P.15.*
7. Bakieva E.V., Nigmatullin A.F., Khizbullina R.Z., Yakimov M.S. *Using interactive geospatial resources in geography lessons // Modern problems of science and education. 2017. № 6. - P. 47-54.*
8. Aleshkina O.V., Bocharnikova E.A. *Use of geographic information systems in geography lessons // Young scientist. - 2014. - №12. - P. 255-257.*
9. Ekshibarova N.A. *Formation of cartographic literacy in geography lessons // Pedagogy at school. №5. - 2013. - P.45-51.*
10. Novenko D.V. *Use of geoinformation technologies in school geographic education // Geography at school. - 2007. - № 7. - P. 36-40.*
11. Krylova O.V. *Methodical recommendations for working with interactive visual aids in geography. - M. : Drofa, 2007. - P. 68.*

**ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ
CHEMICAL SCIENCES**

ӘОЖ 54:372.8
FTAMP 31.01.45

Ж.Ж. Сансызбаева¹, Г.У. Ильясова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

**СТУДЕНТТЕРГЕ «АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯ» ПӘНІН ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ
ҚОЛДАНЫП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Аңдатпа

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар қоғамның зияткерлік процесінде, оның білім беру жүйесі мен мәдениетін дамытуда басты орын алады. Білім беру саласында заманауи ақпараттық технологияларды белсенді қолдануға деген ұмтылыс оқытушыларды даярлау деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталуы керек. Заманауи ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі сипаттамалары оқытуды саралау және даралау, сонымен қатар студенттердің шығармашылық танымдық белсенділігін дамыту болып табылады.

Мақалада білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы маңызы, әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, электронды оқыту жүйесі жобасы аясында жасалған цифрлық ресурстар мазмұны мен құрылымын талдау қарастырылған. Сонымен қатар, цифрлық ресурстарға қойылатын талаптар, қағидалар, топтамалардың мазмұны, және оны қолданудың әдістері көрсетілген.

Түйін сөздер: студент, цифрлық білім беру ресурстары, аналитикалық химия, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мультимедиа-технологиялар, виртуалды зертханалық жұмыстар.

Сансызбаева Ж.Ж.¹, Ильясова Г.У.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ ДИСЦИПЛИНЕ
«АНАЛИТИЧЕСКАЯ ХИМИЯ» С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЦИФРОВЫХ РЕСУРСОВ**

Аннотация

В настоящее время информационные технологии занимают центральное место в интеллектуальном процессе общества, в развитии его образовательной системы и культуры. Стремление к активному использованию современных информационных технологий в сфере образования должно быть направлено на повышение уровня и качества подготовки преподавателей. Основными характеристиками использования современных информационных технологий являются дифференциация и индивидуализация обучения, а также развитие творческой познавательной активности студентов.

В данной статье рассмотрены значение использования цифровых образовательных ресурсов в образовательном процессе, описание методических особенностей, анализ содержания и структуры цифровых ресурсов, созданных в рамках проекта системы электронного обучения. Кроме того, указаны требования к цифровым ресурсам, правила, содержание пакетов и методы их применения.

Ключевые слова: студент, цифровые образовательные ресурсы, аналитическая химия, информационно-коммуникационные технологии, мультимедиа-технологии, виртуальные лабораторные работы.

Zh.Sansyzbayeva¹, G.Ilyasova¹

¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

THE EFFECTIVENESS OF TEACHING STUDENTS THE DISCIPLINE «ANALYTICAL CHEMISTRY» USING DIGITAL RESOURCES

Abstract

Currently, information technologies occupy a central place in the intellectual process of society, in the development of its educational system and culture. Striving for the active use of modern information technologies in the field of education should be aimed at improving the level and quality of teacher training. The main characteristics of the use of modern information technologies are differentiation and individualization of learning, as well as the development of creative cognitive activity of students.

This article discusses the importance of using digital educational resources in the educational process, the description of methodological features, the analysis of the content and structure of digital resources created within the framework of the e-learning system project. In addition, the requirements for digital resources, rules, package contents and methods of their application are specified.

Кіріспе. Қазақстан өз аумағында флорасы бай алуан түрлі табиғи аймақтарға ие. Помологиялық, ботаникалық бақтармен репозиторийлерде жеміс-жидек дақылдарымен жүзімнің мыңдаған сорттарымен будандары жиналған. Жеміс және жидек өсімдіктерінің 300-ден астам құнды жабайы түрі - алма, өрік, бөріқарақат, долана, ырғай, шырғанақ, танқурай, қарақат және т.б. өсетін таубөктеріндегі және таулы аймақтардағы өсімдіктер әлеміде өте ерекше. Өсірілетін жеміс-жидек өсімдіктерінің жабайы туыстары, жергілікті экологиялық жағдайларға эволюциялық бейімделген, зиянкестер мен ауруларға төзімді [1].

Өсімдіктердің генетикалық ресурстарының гендік қоры әр елдің ұлттық қазынасы болып табылады. Осыған байланысты оны зерттеуге, сақтауға, байытуға және ұтымды пайдалануға үлкен көңіл бөлінеді, өйткені бұл экономиканың агроөнеркәсіптік секторын қарқындатуға және халықтың әл-ауқатының өсуіне ықпал етеді. Генетикалық ресурстар өсімдіктердің жаңа түрлерін құруға және қолданыстағы коммерциялық сорттарын жақсартуға негіз болады. Генетикалық био алуан түрлілікті байытудың құнды көзі жабайы түрлерден басқа, отандық және шетелдік селекцияның ескі және жаңа сорттары болып табылады. Алайда жабайы түрлердің таралу аймағы тұрақты түрде азайып келеді, бұл олардың жойылып кету қаупін тудырады, ал шетелдік селекцияның жеміс дақылдарының жаңа сорттарын вегетациялық өсімдіктер түрінде енгізу карантиндік бақылаудың ұзақтығы мен күрделілігімен, сондай-ақ импортталатын отырғызу материалының қымбаттығымен шектеледі. Бұл мәселелерді материалдың ұзақ сақталуын қамтамасыз ететін және жеңілдетілген карантиндік бақылаумен алмасуға мүмкіндік беретін *in vitro* гермоплазма банктерін құру арқылы шешуге болады.

In vitro гермоплазма банкі генетикалық ресурстарды сенімді сақтау мүмкіндігін жоғарылатады, коллекциялардың саңырауқұлақ, бактериялық, вирустық инфекциялармен және зиянкестермен зақымдануын толығымен жояды, өсімдіктерді карантиндік аймақтардан енгізуді жеңілдетеді, сонымен қатар сенімді халықаралық алмасуды қамтамасыз етеді.

Вегетативті түрде көбейетін өсімдіктердің гермоплазмасы *in vitro* сақтау мәселесін шешудің тиімді әдісі - криоконсервация және төменгі оң температурада сақтау.

Төменгі оң температура + 3°C - + 4°C *in vitro* жағдайында өсуін шектеу, қалыпты дамудың мезгіл-мезгіл жаңаруын талап етеді және қысқа және орташа сақтау мерзімі жағдайында тиімді.

Криоконсервация - оқшауланған тіндердің – 165°C - - 196°C температурада сұйық азотта немесе оның буларында өте төмен температура жағдайында өсу процестерін толығымен бұғаттауға, өміршеңдікті қалпына келтіру потенциалын және генетикалық тұрақтылықты шексіз сақтауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған ақпарат, мектеп оқушыларына «Эволюциялық даму. Селекция негіздері. Тірі организмдердің көптүрлілігі» тарауын оқыту үрдісінде оқушылардың ой-өрісін, білімін жетілдіру құралы ретінде маңызы зор. Өйткені, өсімдіктердің, соның ішінде ауыл шаруашылық дақылдарының генқоры әр бір елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі, халықтың әл-ауқатының маңызды бөлігі, ұрпаққа берілетін мұра болып табылады. Оқу үрдісінде шетелдік және отандық ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін пайдалану оқушыларды ғылымға баулуға ықпалын тигізеді.

Зерттеу нысандары мен әдістері. Зерттеу нысаны – жеміс-жидек дақылдарының генқоры, генқорын сақтаудың әдістері, генқорының маңыздылығы туралы түсінік.


Зерттеу әдістері ретінде ғылыми әдебиеттер мен бағдарламалық әдістемелік құжаттарға теориялық шолу жасау, генқорын сақтаудың әдістерімен танысу, педагогикалық эксперимент алынды.

Зерттеу нәтижелері. Биологиялық әртүрлілік туралы Конвенцияға сәйкес, көптеген елдер *in-situ* және *ex-situ* жағдайында биологиялық алуантүрліліктерді сақтау үшін шаралар қолданады [2]. Яғни өсімдіктер шығу тегіне байланысты, олардың бастапқы табиғи өсу аймағында (ұлттық парктер, биорезерваттар, қорықтар), далалық банктерде (помологиялық, ботаникалық бақтар) және жасанды *ex-situ* жағдайында (генбанктер) сақталуы тиіс. Әлемдік ғалымдар қауымдастығы әртүрлі факторлардың (гендік эрозия, зиянкестер аурулары, биотикалық және антропогендік факторлар) әсерінен биоалуантүрліліктің жойылу қаупін көрсетеді. Осыған байланысты генетикалық ресурстарды гермоплазма банкінде биотехнологиялық әдістермен, оның ішінде сұйық азотта (-196°C) және тоңазыту жағдайында (+3°C – +4°C) криоконсервациялау сақтаған жөн деп есептеледі.

Сонымен, әлемдік тәжірибеде, оның ішінде Қазақстанда да, жеміс-жидек дақылдарының генқорын далалық, криобанк және төменгі температурадағы *in vitro* банктер жатады.

Далалық банк. Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты республикадағы жеміс-көкөніс шаруашылығы бойынша селекция, генқорын сақтау, өсіру технологиясын әзірлеу бойынша бас ғылыми мекеме болып табылады. Институт сексен жыл бойы республика аумағында генқорын сақтап, соның негізінде жеміс, жидек дақылдары және жүзімнің 150-ден астам сорттарын шығарған. Институт бүгінгі күні далалық банкте жеміс-жидек дақылдарының 1666 отандық және шетелдік сорттарын, жабайы формаларын, телітушілерін сақтайды (сурет 1).

Далалық банк жалпыға ортақ әдістеме бойынша әр сорт немесе сортүлгі 7-10 түптен сақталады. Далалық банктегі өсімдік үлгілеріне жыл сайын бақылау жұмыстары жүргізіліп, сорттардың вегетациялық кезеңдері, аурулар мен зиянкестерге, климаттың әр түрлі жағдайларына төзімділігі, өнімділігі, өсу қабілеті және т.б. көрсеткіштері есепке алынып отырады. Банктегі генқорын зерттеу арқылы, коммерциялық құны бар, дәмдік және сапалық көрсеткіштері бар сорттар іріктеліп, тікелей селекциялық жұмыстарға ұсынылады [3].




Сурет 1 – Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының далалық генбанкі

In vitro жағдайында төменгі температурада сақтау. *In vitro* жағдайында өсімдіктердің дамуын бәсеңдететін әдіс ретінде ең кең таралған-төмен оң температураны қолдану. Генқорын сақтаудың бұл әдісі орташа мерзімге сақтау болып табылады. Алғаш рет оң температураны қолдана отырып, Гезли жүзім өсімдіктерін субкультивациялау жиілігін жылына бір рет азайтуға мүмкіндік берді [4]. Осы

зерттеулерден кейін әлем ғалымдары әр түрлі дақылдар үшін арнайы сақтау жағдайларын әзірлей бастады. Мысалы, құлпынай өсімдіктері өміршеңдігі 6 жыл бойы + 6 °С температурада қараңғы жағдайда, алма, алмұрт, шие, қызыл шие, таңқурай, өрік дақылдарының өсімдіктері + 1 және + 4 °С температурада 1-3 жыл аралығында сақталады. Өсімдіктердің төменгі температурада ұзақ сақталуына сорттың генотипі, қоректік орта құрамы, ыдыс, жарық әсер етеді. Қолайлы жағдайда өсімдіктің бойындағы зат алмасу қабілеті бәсеңдеп, өсуі тежеледі.

Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында жеміс-жидек дақылдарының төменгі температурада сақтау әдістемесі әзірленген және *in vitro* банкінде 220 сорттұлгі сақталады (сурет 2-3). *In vitro* жағдайында көбінесе коммерциялық құны бар, халықаралық генқоры алмасуға, биобизнеске қажетті сорттар мен формалар сақталады [5].



Сурет 2 – Алманы *in vitro* жағдайында төменгі температурада сақтау схемасы



Сурет 3 – Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының *in vitro* банкіндегі Восход және Мақсат сорттары

Криоконсервациялау, криобанк. Криоконсервация - өсімдік материалын өте төмен температурада (– 196⁰С) терең мұздату және сақтау әдісі. Бұл әдіс өсімдік материалын шексіз уақыт сақтауға және сонымен бірге мүмкін болатын генетикалық өзгерістер қаупін азайтуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс әр түрлі өсімдіктердің интактілі жасушалары мен протопластикасын, меристемалар мен қалемшелерін, зиготикалық және соматикалық эмбриондарды, тозандарды, тұқымдарды, соның ішінде дегидратацияға шыдай алмайтындарды, сақтауға мүмкіндік береді [6].

Kaviani B. [7] криоконсервациялаудың 9 әдісін атап көрсеткен: ауаны кептіру немесе десикация; культураға дейінгі әдіс (өте тез мұздату); культураға дейінгі десикация немесе культура алды дегидратация; инкапсуляция-дегидратация; баяу мұздату (баяу салқындату) немесе мұздату дегидратациясы; витрификация; инкапсуляция-витрификация; тамшылатып (дроплет) мұздату әдісі немесе ДМСО тамшылары; тамшылау (дроплет) витрификация әдістері.

Криоконсервациялау үшін жеміс дақылдарының меристемалары, қысқы ұйқыдағы бүршіктері, ал жидек дақылдарының тек меристемасы пайдаланылады. Қыс мерзімінде, ауа температурасы тұрақты - 10°C-тан төмен болған жағдайда (шамамен қаңтар, ақпан айларында), ұйқыдағы бүршіктері бар бір жылдық қалемшелер алынады. Қалемшелердың ылғалдылығы өлшеніп, қажетті 20% дейінге төмендету үшін тоңазытқышта сақтайды, кейін криоконсервациялауға дайындалады. Жидек дақылдарының меристемалары ұлпалар культурасында бөлініп алып, жоғарыда көрсетілген әдістер арқылы сұйық азотқа енгізіледі.

Криобанкте сақталған өсімдіктердің өміршеңдігін қайта қалпына келтіру үшін *in vitro* ұлпалар культурасы, бүршіктерді телітушілерге теліту арқыры қайта қалпына келтіруге болады [8].

Экономикалық маңызды өсімдіктердің гермоплазмасын сақтаудың биотехнологиялық әдістерін жасау бойынша көптеген зерттеулер жүргізілуде, алынған нәтижелер негізінде әртүрлі өсімдіктердің гермоплазма үлгілері сақталатын Ұлттық генбанктері құрылған. Гермоплазма банктері көптеген елдерде бар. Сонымен, американдық гермоплазма жүйесі пайдалы өсімдіктердің 150-200-ге жуық түрінің тіндік дақылдарын криоконсервациялауды сәтті жүзеге асырады. Ең ірі генқорын сақтау орталықтары АҚШ, Франция, Германия, Үндістан, Жапония, Оңтүстік Корея, Бельгия, Колумбия, Перу [9] Қытайда [10], ал ТМД елдерінен Ресей мен Украинада орналасқан. Аз көлемде, бірақ қарқынды түрде гермоплазманы басқа елдерде де сақтайды: Испания [11], Швеция [12], Қазақстан [13, 14] және Белоруссия [15].

Қорытынды. Өсімдіктердің генқорын сақтау көптеген индустриалды дамыған елдердің аграрлық қызметтері шешетін бірінші кезектегі міндеттердің бірі болып табылады. Биотехнологиялық әдістер генқорын сақтаудың стратегиялық тәсілі болып табылады, генетикалық ресурстарды пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтеді және коллекцияның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ал отырғызу материалын өндіру технологиясына клондық микропропагацияны қосады, генотиптерді тез таратуға, патогендердің болмауын немесе болуын тексеруге және сол арқылы өндіріске жаңа алма сорттарын енгізу процесін жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Мектеп оқушыларына «Эволюциялық даму. Селекция негіздері. Тірі организмдердің көптүрлілігі» тарауын оқыту үрдісінде оқушылардың ой-өрісін, білімін жетілдіруге, ғылымға баулуға шетелдік және отандық ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін пайдалану оң әсерін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Джангалиев А.Д., Салова Т.Н., Туреханова Р.М. / *Дикие плодовые растения Казахстана.* – Алматы, 2001. – 130 с.
2. *Convention on Biological Diversity, United Nation, 1992.*
3. Седов Е.Н., Огольцова, Т.П. *Программа и методика сортоизучения плодовых, ягодных и орехоплодных культур // Орёл: Изд-во ВНИИСПК.* – 1999.
4. Gazly R. / *Recherches sur la croissance de Vitis rupestris Sheele Sain et court nové cultivé in vitro a difference temperatures // Ann Bot., 1980. V. 46. № 2.* – P.243-248.
5. Ковальчук И.Ю., Турдиев Т.Т., Чуканова Н.И., Кабылбекова Б.Ж., Рид Б.М. *Создание хладобанка гермоплазмы плодовых, ягодных культур и винограда invitro. Методические рекомендации.* – Алматы, 2017.
6. Roca W.M., Bryan J.E., Roca M.R./ *Tissue culture for the international transfer of potato genetic resources // Amer Potato J., 1979. V. 56, N 1.* – P. 1-10.
7. Kaviani B. et al. *Conservation of plant genetic resources by cryopreservation // Australian Journal of Crop Science.* – 2011. – Т. 5. – №. 6. – С. 778.
8. Ковальчук И.Ю., Кушнарченко С.В., Турдиев Т.Т., Мухитдинова З.Р., Фролов С.Н., Ромаданова Н.В., Рид Б.М. *Создание криобанка гермоплазмы плодовых и ягодных культур. Институт биологии и биотехнологии растений, КН МОН РК. Методические рекомендации.* – Алматы, 2011.
9. Ухатова Ю.В., Гавриленко Т.А. *Методы криоконсервации вегетативно размножаемых культурных растений // Биотехнология и селекция растений.* – 2019. – Т. 1. – №. 1. – С. 52-63.

10. Zhang J. et al. In vitro conservation and cryopreservation in national genebank of China //Proceeding of second international symposium on plant cryopreservation. Acta Hort. – 2014. – Т. 1039. – С. 309-317.
11. Urrestarazu J. et al. Genetic diversity and structure of local apple cultivars from Northeastern Spain assessed by microsatellite markers //Tree genetics & genomes. – 2012. – Т. 8. – №. 6. – С. 1163-1180.
12. Nybom H., Garkava-Gustavsson L. Apple Gene Banks-for Breeding, Research or Public Entertainment? //XII EUCARPIA Symposium on Fruit Breeding and Genetics 814. – 2007. – С. 71-76.
13. Kovalchuk I. et al. The cryogenic collection of fruit biodiversity in Kazakhstan //Society for Cryobiology Meeting. – 2011. – Т. 63. – С. 337.
14. Kushnarenko S. et al. Cryobanking clonally propagated plants in Kazakhstan: 15-year experience //Cryobiology. – 2018. – Т. 80. – С. 162.
15. Носов А.М. и др. Биотехнологические коллекции растений и криобанки-важная часть Национального банка-депозитария живых систем //Роль ботанических садов и дендрариев в сохранении, изучении и устойчивом использовании разнообразия растительного мира. – 2017. – С. 284-290.

ӘОЖ 57:37.016
FTAMP 34.01.45

А.А. Шермаханбет¹, Қ.Ғалымбек¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ОҚУ ҮРДСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақала мұғалімдерге қашықтықтан білім беру үрдісінде сабақ жоспарын дайындау және оны өткізудің кейбір аспектілері мен әдістемелік ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік береді. Биология пәнінің ерекшелігі мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер беретіні көрсетілген. Ол стандарт талаптарының орындалуына ықпал етеді, ақыл-ой операцияларын дамытуға мүмкіндік береді және жалпыға бірдей оқу әрекетін дамытуға жағдай жасайды. Қашықтықтан оқыту технологияларының классификациясы, пандемия жағдайында қашықтықтан оқытудың негізгі құрамдас бөліктері, бар тәжірибеге талдау жасалған, қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталған, білім алушылардың мінез-құлқы зерттелген, мотивтері келтірілген, қашықтықтан оқытудың маңыздылығына баға беріледі. Айта кету керек, қазіргі уақытта қашықтықтан оқытудың маңызы зор. Ақпараттық және цифрлық технологиялары дамыған елдерде білім берудің бұл түрі әлдеқашан бір жүйеге келтірілген. Қашықтықтан оқыту республика, облыс, қала мектептерінде және мектеп кеңістігінде кеңінен қолданылады. Бұл әдіс мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайта түсуге зор ықпал етеді.

Түйін сөздер: сабақ, қашықтықтан оқыту, білім платформалары, сабақ жоспары, сабақ кезеңдері, онлайн сабақ, оффлайн сабақ, вебинар, BilimLand, Kundelik

Шермаханбет А.А. ¹, Галымбек Қ. ¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ОБУЧАЮЩЕГО ПРОЦЕССА ПРИ ДИСТАНЦИОННОМ ОБУЧЕНИИ БИОЛОГИИ

Аннотация

Данная статья позволяет учителям ознакомиться с некоторыми аспектами и методическими особенностями составления и реализации планов уроков в процессе дистанционного обучения. Показано, что специфика биологии предоставляет школьникам большие возможности для осуществления

исследовательской деятельности. Он способствует выполнению требований стандарта, позволяет развивать мыслительные операции и способствует развитию универсальной учебной деятельности. Классификация технологий дистанционного обучения, основные составляющие дистанционного обучения в условиях пандемии, анализ имеющегося опыта, преимущества и недостатки организации дистанционного обучения, изучение поведения учащихся, мотивация, важность дистанционного обучения. Следует отметить, что дистанционное обучение сегодня очень актуально. В странах с передовыми информационными и цифровыми технологиями этот вид образования давно систематизирован. Дистанционное обучение широко используется в школах республики, области, города и школьного пространства. Этот метод помогает укрепить отношения между школой и родителями.

Ключевые слова: урок, дистанционное обучение, образовательные платформы, план урока, этапы урока, онлайн урок, оффлайн урок, вебинар, BilimLand, Kundelik

A.A. Shermakhanbet¹, Kh. Galymbek¹

*¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan*

FEATURES OF THE ORGANIZATION OF THE LEARNING PROCESS IN DISTANCE LEARNING OF BIOLOGY

Abstract

This article allows teachers to get acquainted with some aspects and methodological features of the preparation and implementation of lesson plans in the process of distance learning. It is shown that the specificity of biology provides schoolchildren with great opportunities for research activities. It contributes to the fulfillment of the requirements of the standard, allows the development of mental operations and contributes to the development of universal educational activities. Classification of distance learning technologies, the main components of distance learning in a pandemic, analysis of existing experience, advantages and disadvantages of organizing distance learning, studying student behavior, motivation, the importance of distance learning. It should be noted that distance learning is very relevant today. In countries with advanced information and digital technologies, this type of education has long been systematized. Distance learning is widely used in schools of the republic, region, city and school space. This method helps to strengthen the relationship between school and parents.

Keywords: lesson, distance learning, educational platforms, lesson plan, lesson steps, online lesson, offline lesson, webinar, BilimLand, Kundelik

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде болып жатқан елеулі өзгерістің бірі – қашықтықтан оқыту форматы. Даму жолындағы мемлекет болғандықтан, оқытудың бұл технологиясын қолданудың өзі жетістік деп айтуға болады.

Қашықтықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беруде қызмет көрсетудің маркетингтік көзқарастарын кеңінен қолданатын ғылыми-технологиялық революцияның жоғары технологиялық өнімі. Бүгінгі таңда қашықтықтан оқыту компьютерлік және интернетте оқыту технологиялары ретінде саналып отыр. [1]

Биология сабақтарын қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру жоспар бойынша оқу күнінен басталады.

Қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн және оффлайн, кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқытудегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқытудегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы. Осы технология бойынша оқытуды ұйымдастырып, бүкіләлемдік желі көмегімен барлық компьютерлерді бір желіге біріктіріп сабақ өтуші тұлғаның тәуірдеп атаймыз [4, 5].

Қашықтықтан білім беру жүйесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияны дамытудың тиімді құрылымы – білім платформалары болып табылады. Платформаның негізгі міндеті жоғары технологиялы оқу процесінің қолдауы арқылы бірыңғай білімді ақпараттандыру ортасын дамуына өз үлесін қосу.

Қашықтықтан оқыту барысын тиімді оқыту жүйесіне видеоконференциялар арқылы жүретін сабақтарды жатқызуға болады. Бұл сабақтардың тиімді тұсы оқушы экранның арғы бетінен болса да мұғалімнен бетпе-бет ақпарат алады, яғни, ол қазіргі видеоконференцилар жүргізілетін қосымшалар арқылы жүзеге асады (Zoom, Microsoft teams қосымшалары).

Қашықтықтан білім беру жүйесінде биология сабақтарын ұйымдастыру үрдісінде білім платформаларын қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында эксперимент жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс №76 мектептің 8 сынып оқушыларына жүргізілді. Экспериментке қатысқан оқушы саны – 20. Эксперимент жұмысы 2 кезеңде жүргізілді.

1. Анықтаушы эксперимент
2. Қалыптастырушы эксперимент

Әрбір кезеңдегі зерттеу мәселесі бойынша қорытындылар тексеріліп отырды, алынған нәтижелерді салыстыру, талдау және қорытындылау арқылы биология сабақтарын қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда білім платформаларының тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Анықтаушы эксперимент жүргізу үшін, сабақты ұйымдастыру барысында білім платформаларын қолданбай тұрып оқушылардан сауалнама алынды.

Анықтаушы эксперимент сауалнамасына келесідей сұрақтар қойылды.

Кесте 1 – Анықтаушы эксперимент сауалнамасының сұрақтары

1. Өкпедегі газ алмасу қалай жүретінін білесіз бе?
2. Ұлтадағы газ алмасу туралы не білесіз?
3. Кардиореспираторлық жүйе туралы білесіз бе?
4. Тыныс алу мен тыныс шығару кезіндегі газ мөлшерін білесіз бе?
5. Тыныс алудың гуморальдық реттелуі туралы қандай ақпараттар білесіз?
6. Ауа жолдарына жататын мүшелерді білесіз бе?
7. Газдардың мөлшері мен қан типтерінің арасында қандай байланыс барын білесіз бе?
8. Тыныс алу жүйесі туралы ақпарат ала алдыңыз ба?
9. Тыныс алу мүшелерінің аурулары туралы не білесіз?
10. Тыныс алу мүшелеріне зиян келтіретін заттарды білесіз бе?
11. Тыныс алу мүшелеріне зиян келтіретін (никотин, алкоголь, есірткі)заттарды тұтынбау туралы жақындарыңызға кеңес бересіз бе?

Кесте 2 – Анықтаушы эксперимент сауалнамасының көрсеткіштері

№	Ия	Жоқ
1	5	15
2	4	16
3	3	15
4	6	14
5	4	16
6	8	10
7	5	15
8	5	12
9	8	10
10	6	14
11	6	14

Анықтаушы эксперимент сауалнамасына оқушылардың жауаптарына сәйкес нәтижесі шығарылды және диаграмма құрылды. Сауалнама нәтижесі 1-диаграммада көрсетілген.




Диаграмма 1 - Анықтаушы эксперимент нәтижелері

Анықтаушы эксперименттің нәтижесін ескере отырып қалыптастырушы эксперимент жүргізуге дайындық үшін арнайы Microsoft teams платформасында сабақ өткізілді.

Эксперименттік сабақтың жоспары:

Сабақ басында ең алдымен оқушыларға психологиялық жақсы әсер ету үшін «Гүлмен тілек» әдісі арқылы бір-бірімізге жылы сөздер айтайық. Сергіту сәті мен сәлемдесу, яғни сабақтың ұйымдастыру уақытына 2-3 минуттай уақыт жұмсалады.

Сабақтың басы:

Сабақ әдеттегідей Power points платформасы арқылы түсіндірілді. Тыныс алу жүйесіне қатысты барлық тақырыпта толық қамтылмаса да, оқушылардың сабақты қабылдауының ендігі жақсы жаққа қарай өзгеріп жатқаны байқала бастады.

Сабақты ары қарай тереңірек талқылап түсіну үшін оқушылар Microsoft teams платформасында 3 топқа бөлінді. 3 топқа арнайы тақырыпшалар мен соған байланысты қысқаша мәліметтер берілді. Оқушылар «Джигсо» әдісі арқылы топтың 1 немесе бірнеше мүшесі өздеріне берілген тақырыпты толықтай ашып көрсету керек. Сабақты одан әрі қызықты өткізу мақсатында келесі ойын арқылы сабақта алынған білімді бекітеміз. Ол үшін тест жүйесін пайдалануға да болады. Flipru платформасында арнайы 20-30-40-50 балдық ұяшықтарға сұрақтар қойылды. Сол ұяшықтарды таңдау арқылы оқушылар сабақта өткен мәліметтерді пысықтап, сұрақтарға жауап қайтарады.

Сабақ соңында сабақтың қалай өткендігін білу үшін оқушылардан рефлексия-кері байланыс алынды. Рефлексия арнайы Padlet тақтасында өткізілді. Оқушылар үшін бұл платформа рефлексия жүргізуге өте қолайлы болып табылады. Себебі бұл платформада оқушылар арнайы сілтеме арқылы оңай кіре алады, тіркелуді қажет етпейді және оқушылардың қалдырған жазбалары өздеріне де, мұғалімге де көрініп тұрады.

Сабақта көптеген АКТ құралдарын қолданып, түрлі платформалар арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттыра отыра, сабақты қабылдауын да жеңілдеді.

Сабақтыңсоңында қалыптастырушы эксперименттің сауалнамасы жүргізілді. Қалыптастырушы эксперимент сұрақтары Блум таксономиясы бойынша, яғни, білу/түсіну- қолдану-талдау-синтез-бағалау деген сияқты белгілі реттілікпен жасалды.

Кесте 3 – Қалыптастырушы эксперимент сауалнамасының сұрақтары

1. Өкпедегі газ алмасу дегеніміз не?
2. Ұлтадағы газ алмасу дегеніміз не?
3. Кардиореспираторлық жүйе дегеніміз не?
4. Тыныс алу мен тыныс шығару кезіндегі газ мөлшерін атаңыз
5. Өкпенің қызметін анықтаңыз
6. Көмекейдің қызметі
7. Қан айналым шеңберлерінің бір-бірінен айырмашылығы

8. Азғаға газдардың ену және шығу үдерістерін сызба түрінде бейнелеңіз
9. Тыныс алу және жүрек-қан тамырлары жүйелерінің байланысын көрсетіңіз
10. Қандай органикалық заттар ыдыраған кезде тек көмірқышқыл газы мен су түзіледі
11. Түзілген заттар қандай жүйелер мен мүшелер арқылы шығарылады?
12. Оттекті тіршілікті қолдаудағы рөлін бағалаңдар

Кесте 4 – Қалыптастырушы эксперимент бойынша сауалнаманың көрсеткіштері

№	Толық	Толық емес	Жауабы жоқ
1	17	3	0
2	15	5	0
3	15	4	1
4	15	5	0
5	16	4	0
6	16	4	0
7	20	0	0
8	15	4	1
9	14	3	3
10	10	10	0
11	15	2	3
12	18	1	1
13	17	3	0

Қалыптастырушы эксперимент сауалнамасына оқушылардың жауаптарын қарай отырып нәтижесі шығарылды және диаграмма құрылды. Сауалнама нәтижесі 2-диаграммада көрсетілген.




Диаграмма 2 – Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері

Қашықтықтан оқыту үрдісін ұйымдастыру барысында білім платформаларын қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында жүргізілген қалыптастырушы экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі оқушылардың оқу деңгейінің нәтижесі анықталды. Эксперименттердің нәтижесі 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 5 – Эксперимент нәтижелері

	Толық	Толық емес	Жауабы жоқ
Экспериментке дейін	67%	27%	6%
Эксперименттен кейін	78%	18%	4%

Қашықтықтан оқыту кезеңінде мұғалімдердің көпшілігі оқу мәліметтерін берудің бұрын сирек қолданылатын түрлерімен, сонымен қатар қашықтықтан оқыту форматында сабақтарды ұйымдастыру мен әзірлеу қажеттіліктерімен бетпе-бет келеді.

Қашықтықтан оқытуда сабақтарға қойылатын талаптар мен алгоритмі, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда пайдаланылған платформалардың артықшылықтары:

- Сабақ барысында пайдаланылған тақтаның белгілі бір аймағын бөлектеу арқылы сіз файлдарды pdf форматында, суреттерде сақтай аласыз.

- Сілтемені басқа әріптестеріңізге жіберу арқылы жасалған дайын тақтадағы жұмысты ортақ пайдалануға болады.

- Оқушылардың жеке, жұптық, топтық жұмыстарын ұйымдастырады, олармен синхронды қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

- Онлайн тақтада әртүрлі сызбаларды, ұйымдастырушыларға арналған дайын графикалық шаблондарды пайдалануға болады.

- Түрлі сайттарды және Power Point презентацияларын және Word форматындағы құжаттарды, суреттерді жүктеп, көрсетуге болады [6, 7].

Бұл платформалардың оқушылар үшін артықшылықтары мынадай:

- Тапсырмаларды орындау үшін оқушылардан платформаларға тіркелу талап етілмейді.

- Оқушылар синхронды түрде жүйеге кіріп, мұғалімнің сілтемесі немесе коды арқылы онлайн сынаққа немесе сабаққа қатыса алады.

- Оқушылардың сабақ барысында орындаған тапсырмаларының нәтижелері жүйеде автоматты түрде сақталады.

- Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артады, тапсырмаларды тиянақты орындайды.

Қашықтықтан білім беруде сабақты ұйымдастырып жоспарлаудың алгоритмі әсіресе оқытудың алғашқы кезеңдерінде қажет. Бұл мұғалімнің маңызды мәселелерді жіберіп алмағанына сенімді болуына мүмкіндік береді. Бұл алгоритмдер келесідей тұжырымдамаларға келуге болады:

1. Қашықтықтан оқытылатын сабақтың тақырыбын таңдау.

2. Сабақтың өткізілу типін анықтап алу.

3. Білім алушының жас және физиологиялық ерекшеліктеріне, мұғалімге және мұғалім мен оқушының бір-бірімен қарым-қатынасына байланысты сабақтың мақсатын қою.

4. Техникалық және технологиялық ерекшеліктерге сүйене отырып, қашықтықтан оқытудың ең оңтайлы әдісін таңдау.

5. Білім алушыларға мәліметтердің қалай, қандай әдістермен жеткізілуін қарастыру (презентация, кесте, диаграммалар, графикалар және жай ғана мәтіндер және т.б.). Мәліметтерді сабаққа сай рәсімдеу.

6. Білім алушыларға қажетті материалдарды дайындау: қажетті сайттарға сілтемелер, электронды кітаптар және т.б.

7. Сабақтың әрбір тақырыбына (тақырыпшаға) өзіндік тапсырмалар әзірлеу. Бағалау жүйесін сабаққа сай ойластыру: баға қалай және не үшін қойылатынын анықтау.

8. Сабақтың ұзақтығын нақты анықтау қажет. Білім алушыларға компьютер немесе ұялы телефонда үздіксіз жұмыс жасау ұзақтығын ескертіңіз (30 мин. аспауы керек).

9. Сабақты білім алушыларға егжей-тегжейлі сипаттау керек. Білім алушыларға тапсырмаларды орындауға арналған нұсқаулықтарды дайындау қажет.

10. Сабақ аяқталғаннан кейін сол сабақты талдау керек. Сабақ басында қойылған мақсаттың қайсысына қол жеткіздіңіз? Мақсатқа жету жолында қандай қиыншылықтар кездесті? Соңында оқушылардан міндетті түрде кері байланыс алу қажет [8].

Қорытындылай келе, мектептерде биология сабақтарын қашықтан оқытуда сабақ өткізудің әдістері мен тәсілдерін қолдану үшін тиімді білім платформалары таңдалып алынды және анықталды. Биология сабақтарында білім платформаларын қолдану барысындағы оқушылардың білім деңгейін анықтау үшін эксперимент жасалынды. Зерттеу мәселесі бойынша қорытындылар тексеріліп, нәтижелерді талдау, салыстыру, қорытындылау арқылы биология сабақтарын қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда білім платформаларының тиімділігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Черемисин А.Г. Интернетті дамыту — ақпараттық қоғамдағы білім // Білім берудегі инновациялар. – 2005. – №5. – 36-40 б.

2. Соловьева Т.А. Болашақ мұғалімдердің пәнді дайындаудағы қашықтықтан оқыту технологиясы, Алматы, 2008. – 54-56 б.

3. Сергиенко И.В. Қашықтықтан оқыту процесін модельдеу негіздері// Білім берудегі инновациялар. - 2005. – №2. – 43-53 б.

4. Зенкина С.В., Чернеби Е.В. Электрондық оқытуды құру үшін мұғалімдердің АКТ-ты пайдалануы. Алматы, 2011. – 38-40 б.

5. Нұғыманұлы И. Биологияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1993. – 320 б.

6. Пидкасистый П.И. Тыценок О.Б. Компьютерные технологии в системе дистанционного обучения // Педагогика. – 2000. – №5. – С. 7-12.

7. Околесов О.П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения // Педагогика. – 1999. – № 6. – С. 50-56.

8. Торманов Н.Т., Абшенова Л.Н. Биологияны оқыту әдістері. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 196 б.

ЭКОЛОГИЯ
ECOLOGY

УДК 303.425
МРНТИ 87.15.15

Бейсенова А.С.¹, Алдажанова Г.Б.²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²АО «Институт географии и водной безопасности»,
г. Алматы, Казахстан

**ОЦЕНКА СОСТОЯНИЯ ВОДНЫХ РЕСУРСОВ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ И ИХ
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В СЕЛЬСКОМХОЗЯЙСТВЕ**

Аннотация

Территория Жамбылской области в гидрогеологическом отношении расположена в пределах крупной Шу-Сарысувской системы артезианских бассейнов и располагает благоприятными гидрогеологическими условиями для формирования и накопления в недрах значительных ресурсов подземных вод. Наиболее перспективными для сельскохозяйственных целей являются подземные воды аллювиально-пролювиальных четвертичных отложений конусов выноса и предгорных равнин хребтов Каратау, Киргизского Алатау, Шу-Илийских гор, межгорных впадин, а также аллювиальные отложения долин рек Шу, Талас, Асса, Курагаты.

В статье дана оценка состояния использования водных ресурсов Жамбылской области РК. Представлены результаты водохозяйственного баланса бассейнов рек Шу, Талас и Асы на территории Жамбылской области за 2015-2019 годы. Рассмотрены вопросы распределения стока трансграничных рек, дана оценка потерь водных ресурсов, отражен средний многолетний водный баланс рек Асы, Талас и Шу.

Ключевые слова: водные ресурсы, сельское хозяйство, поверхностные и подземные водные ресурсы, водохозяйственные объекты, речные бассейны.

А.С. Бейсенова¹, Г.Б. Алдажанова²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²«География және су қауіпсіздігі институты» АҚ,
Алматы қ., Қазақстан

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ**

Аңдатпа

Жамбыл облысының аумағы гидрогеологиялық қатынаста ірі Шу-Сарысу артезиан бассейндері жүйесінің шегінде орналасқан және жер қойнауында жер асты суларының едәуір ресурстарын қалыптастыру және жинақтау үшін қолайлы гидрогеологиялық жағдайларға ие. Ауыл шаруашылығы үшін Қаратау, Қырғыз Алатауы, Шу-Іле таулары жоталарының аллювиалды-пролювиалды төрттік шөгінділерінің, тауаралық ойпаттардың жер асты сулары, сондай-ақ Шу, Талас, Асса, Курагаты өзендері аңғарларының аллювиалды шөгінділері неғұрлым перспективалық болып табылады.

Мақалада ҚР Жамбыл облысының су ресурстарын пайдалану жағдайына баға берілген. Жамбыл облысының аумағындағы Шу, Талас және Асы өзендері бассейндерінің 2015-2019 жылдардағы су шаруашылығы балансының нәтижелері ұсынылды. Траншекаралық өзендердің ағынын бөлу мәселелері қаралды, өзендер бассейндерінің су ресурстары шығынына баға берілді, Асы, Талас және Шу өзендерінің орташа көпжылдық су балансы көрсетілді.

Түйін сөздер: су ресурстары, ауыл шаруашылығы, жер беті және жер асты су ресурстары, су шаруашылығы объектілері, өзен бассейндері.

A.Beisenova¹, G.Aldazhanova²

¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

²JSC «Institute of Geography and Water Security»,
Almaty, Kazakhstan

ASSESSMENT OF THE STATE OF WATER RESOURCES OF ZHAMBYL REGION AND THEIR USE IN AGRICULTURE

Abstract

The territory of the Zhambyl region is hydrogeologically located within the large Shu-Sarysui system of artesian basins and has favorable hydrogeological conditions for the formation and accumulation of significant groundwater resources in the bowels. The most promising for agricultural purposes are the groundwater of alluvial-proluvial quaternary sediments of the removal cones and foothill plains of the Karatau, Kirghiz Alatau, Shu-Ili Mountains, intermountain depressions, as well as alluvial deposits of the valleys of the Shu, Talas, Assa, Kuragaty rivers.

The article gives an assessment of the state of use of water resources in the Zhambyl region of the Republic of Kazakhstan. The results of the water management balance of the Shu, Talas and Assy river basins in the Zhambyl region on average for 2015-2019 are presented. The issues of dividing the flow of transboundary rivers are considered, an assessment of the flow of water resources of the river basins is given, the average long-term water balance of Assy, Talas and Shu is calculated.

Keywords: water resources, agriculture, surface and ground water resources, water facilities, river basins.

Введение. Жамбылская область в природно-климатическом отношении расположена в пустынной зоне умеренного пояса, характеризуется малым количеством атмосферных осадков, большой испаряемостью, значительными суточными и годовыми колебаниями температуры воздуха, что обуславливает резкую континентальность и засушливость климата. Основная характерная черта климата – засушливость, которая непосредственно определяет своеобразие ландшафтов области. Годовая сумма осадков составляет не более 250 мм, а во многих районах их количество колеблется от 100 до 200 мм [1, с. 202]. В пустынной части области осадки составляют 100-150 мм в год, в горах до 500 мм.

Успешное развитие сельского хозяйства на территории Жамбылской области, расположенной в полу пустынной и пустынной зонах, зависит от обеспеченности региона водными ресурсами с одной стороны и рациональным использованием с другой.

Исходные данные и методы исследования. Вводо хозяйственном отношении Жамбылская область расположена в пределах Шу-Таласского гидрографического бассейна за исключением узкой полосы на юго-западе области, приуроченной к Балкаш-Алакольскому бассейну. Гидрографическая сеть области образована крупными реками Шу, Талас и Асы, сток которых практически полностью формируется за пределами области на территории Кыргызстана, а так же 242 малыми реками, формирующими сток в пределах горных склонов Каратау, Кыргызского хребта и Шу-Илийских гор, и в большинстве случаев заканчивающихся слепыми дельтами. Кроме того, на территории области расположено 35 озер, многие из которых расположены в низовьях рек Шу, Талас и Асы образуя озерные системы, водный режим которых обусловлен климатическими условиями и объемом подачиводы с соседнего Кыргызстана. Наиболее обеспечены поверхностными водными ресурсами предгорные равнины Жамбылской области.

Важным моментом в водохозяйственном значении крупных рек Жамбылской области является то, что из общего суммарного годового стока рек Шу, Талас и Асы, составляющего 4106 млн. м³ (из расчета на средний по водности год), 3046 млн. м³ или 74,2% суммарного стока формируется на территории Кыргызской Республики [2, с. 359]. И только 1060 млн. м³ или 25,8% общего суммарного стока формируется на территории Казахстана (таблица 1). Деление стока выше названных рек осуществляется на основании Положений о делении стока рек Шу и Талас между Казахстаном и Киргизией, принятых в 1983 году [3,4].

Таблица 1 – Среднего летний водный баланс основных рек Жамбылской области

Основные показатели водного баланса рек	Шу	Талас	Асы
Площадь бассейна, тыс.км ² :	144,79	52,7	8,756
в том числе на территории Казахстана, тыс.км ²	122,4	41,27	
Суммарный годовой сток, млн. м ³ , из них:	2790	808	508
Формируется на территории Кыргызстана, млн.м ³	2316	716	14
Формируется на территории Казахстана, млн.м ³ .	474	92	494

Примечание – составлено на основании и сточника

Тем не менее, в определении стока трансграничных рек остается открытым ввиду отсутствия межгосударственной организации, осуществляющей контроль за делением стоков рек Шу и Талас. О нарушении Кыргызской стороной догдого вораобутвержденных объемах подачи воды на территорию Казахстана свидетельствуют данные регулярных наблюдений Шу-Таласской бассейновой инспекции. Так, водозабор по реке Шу, согласно положения о вододделении должен составлять 370 млн. м³. Однако этой нормы никто не придерживается, и, в зависимости от ожидаемой водности или иного года, устанавливается объем водозабора по графику вододделения. Для реки Шу за 2017-2018 годы он составлял 277,2 и 352,4 млн. м³ соответственно, а объем фактической подачи воды по р. Шу за этот период на территорию Жамбылской области колебался в пределах 52,3 - 61,1% от запланированного объема подачи по графику вододделения (таблица 2) и в пределах 51,9-59,2% от забора воды, согласно Положению о вододделении. Аналогичная ситуация с подачей воды наблюдается и по реке Талас, что свидетельствует о нарушении международных договоренностей о нормах водоподачи, и казахстанская сторона недополучает в отдельные годы до половины положенных ей водных ресурсов [5].

Таблица 2 – Водозабор из пограничных водных объектов Кыргызстана на территорию Жамбылской области с учетом ожидаемой водности, млн.м³

Год	Объем водозабора, млн.м ³ пореке Талас		Объем водозабора, млн.м ³ пореке Шу	
	Объем по графику вододделения	Объем фактического водозабора	Объем по графику вододделения	Объем фактического водозабора
2017	560	493,2 (88,1%)	-	-
2018	590	391,7 (66,4%)	277,2	144,85(52,3%)
2019	590	472,7 (80,1%)	352,4	219,0 (62,1%)

Примечание – составлено на основании и сточника

Результаты исследования. Для оценки расхода водных ресурсов бассейнов рек Асы, Талас и Шу остановимся на анализе их водохозяйственного баланса. Водохозяйственная составляющая расхода поверхностных вод в пределах Жамбылской области предполагает расходование значительной части водных ресурсов на экологические попуски в условиях пустынного климата. По данным Казахского НИИ водного хозяйства (КазНИИВХ) [6] и Шу-Таласской бассейновой инспекции (ШТБИ) [7] из общего объема водных ресурсов, поступающих с Кыргызской стороны и суммарного стока местных рек области на экологические попуски (с учетом потери воды на фильтрацию и испарение) в среднем за период 2015-2019 гг. расходовалось 41,1-48,9 % общего объема поступающих водных ресурсов. В бассейне реки Асы экологические попуски осуществлялись в озерные системы Сарыусуского и Таласского административных районов и составляли 228,98 млн. м³. По реке Талас на экологические нужды сброшено 292,8 млн. м³ воды для заполнения прудов и озер Байзакского, Таласского и Сарыусуского районов, что на 16,7% меньше чем в среднем за 2010-2014 гг.

По реке Шу в среднем за период 2013-2018 гг. экологические попуски в объеме 1024,02 млн. м³ были осуществлены в низовья реки для заполнения Гуляевских и Уланбельских разливов и дельтовых озер Андасайского заказника, и их объем по сравнению с предыдущей пятилеткой был снижен на 8,5%. Однако отдельные годы, в связи с маловодьем снижением объемов водоподачи со стороны Кыргызстана, экологические попуски воды в низовья рек сокращались почти на половину, что явилось причиной деградации водных и прибрежных экосистем. Другой значительной составляющей расходной части водного баланса является сельское хозяйство. Так, в среднем за период 2013-2018 гг., на орошение

обводнение сенокосов в бассейнах рек Шу, Талас и Асы было израсходовано 1915,17 млн. м³ или 54,3% поступающих поверхностных водных ресурсов (таблица 3).

Таблица 3 – Водохозяйственный баланс бассейнов рек Шу, Талас и Асы на территории Жамбылской области (о средний за 2013-2018 годы), млн.м³

Составляющие водного баланса	Бассейны рек		
	Шу	Талас	Асы
Приходная часть, млн.м ³	2348,17(100%)	711,55(100%)	467,79(100%)
Расходная часть, млн.м ³ , в том числе:	2348,17(100%)	658,074(100%)	467,79(100%)
Нарегулярное орошение	615,47(26,2%)	341,14(47,9 %)	220,46(47,1%)
Экологические по пуски с учетом Испарения и фильтрации	1024,02(43,6%)	292,8 (41,1%)	228,98(48,9%)
Обводнение сенокосов и частично пастбищ	686,09(29,2%)	47,8 (6,7%)	4,21(0,9%)
прочие	22,59(1,0%)	29,81(4,2%)	14,14(3,0%)

Примечание – составлено на основании и источников

Территория Жамбылской области в гидрогеологическом отношении расположена в пределах крупной Шу-Сарысуйской системы артезианских бассейнов и располагает благоприятными гидрогеологическими условиями для формирования и накопления в недрах значительных ресурсов подземных вод. Обеспеченность сельскохозяйственных земель области подземными водами характеризуется как достаточная. Согласно данным Института гидрогеологии и геоэкологии [5] на территории области разведано 39 месторождений подземных вод с величиной утвержденных запасов 4464,49 тыс.м³/сут, в том числе с минерализацией до 1 г/л– 4425,61 тыс. м³/сут., но эксплуатируются в настоящее время 25 месторождений или около 65% от общего числа разведанных. Распределение подземных вод по минерализации, пригодной для хозяйственно-питьевых целей на территории Жамбылской области крайне неравномерно [6, с.371].

Наиболее перспективными для сельскохозяйственных целей являются подземные воды аллювиально-пролювиальных четвертичных отложений конусов выноса и предгорных равнин хребтов Каратау, Киргизского Алатау, Шу-Илийских гор, межгорных впадин, а также аллювиальные отложения долин рек Шу, Талас, Асса, Курагаты. Северная часть области бедна источниками для обводнения и водоснабжения, помимо этого, они имеют повышенную минерализацию и незначительные дебиты (0,1-1,5 л/с).

Сравнение фактического и планового объема водопотребления из подземных горизонтов эксплуатируемых месторождений в пределах Жамбылской области за пятилетний период с 2013 по 2018 гг. показал, что на водохозяйственные нужды всех категорий, включая сельское хозяйство, из подземных источников расходуется 43,5-48,7 млн. м³/год или 40-46% планового водозабора. Следует уточнить, что подземные воды в сельскохозяйственном секторе используются в основном для сельскохозяйственного водоснабжения и обводнения пастбищ. Орошение земель на территории области осуществляется только за счет поверхностных вод, хотя из всех запасов разведанных подземных вод Жамбылской области по целевому назначению предназначенных на орошение земель приходится 39,7% общего объема.

Выводы. Оценка водных ресурсов Жамбылской области для сельскохозяйственного освоения позволила сделать следующие выводы:

- Сток рек Шу и Талас практически полностью формируется на территории Кыргызстана, который регулярно нарушает международные договоренности о нормах водоподачи, и за последние три года объем фактической водоподачи по р. Шу на территорию Казахстана в среднем составил 57,2% от объема по графику вододелиния, в пор. Талас-78,2% соответственно. В связи с этим, за последние 5 лет по сравнению с периодом 2010-2014 гг. Объем подачи воды на экологические попуски в низовья рек Шу и Талас сократился на 8,5% и 16,7% соответственно, а величина водозабора на обводнение сенокосов в среднем по области сократилась на 3,6%.

- Жамбылская область располагает значительными запасами подземных вод для сельскохозяйственных целей, за исключением северной части области, которые в настоящее время в большинстве своем являются резервными. Водозабор из подземных источников осуществляется для целей водоснабжения сельских населенных пунктов, сельскохозяйственной инфраструктуры и обводнения пастбищ, и колеблется в пределах 4,5% от общего водозабора (поверхностного и подземного).

Список использованной литературы:

1. Ибатуллин С.Р., Балгабаев Н.Н., Бекбаев Р.К. Водные ресурсы Казахстана: оценка, прогноз, управление. Т. XI: Ирригация Казахстана: управление и водосбережение. Кн. 2. Технологии водосбережения и роста продуктивности орошаемых земель при комплексной реконструкции и ирригационных систем. – Алматы, 2012. – 202 с.
2. Достай Ж.Д., Алимкулов С.К., Сапарова А.А. Водные ресурсы Казахстана: оценка, прогноз, управление. Т. VII: Ресурсы речного стока Казахстана. Кн. 2. Возобновляемые ресурсы поверхностных вод юга и юго-востока Казахстана. – Алматы, 2011. – 359 с.
3. Протокол Министерства мелиорации и водного хозяйства СССР. Положение о делении стока в бассейне реки Чу: утв. 24 февраля 1983 года // http://chui.at.kg/media/uploads/files/pravovye-dokumenty-komissii/Polozhenie_o_delenii_stoka_Shu.pdf-(Дата обращения: 22.04.2018).
4. Протокол Министерства мелиорации и водного хозяйства СССР. Положение о делении стока по бассейну реки Талас: утв. 31 января 1983 года // Чу-Таласская водохозяйственная комиссия. <http://chui.at.kg/ru/pravovye-dokumenty/polozhenie-o-delenii-stoka-v-bassejne-reki-talas.html>.- (Дата обращения: 22.04.2018).
5. Отчеты о деятельности Шу-Таласской Бассейновой Инспекции по регулированию использования и охраны водных ресурсов за 2008-2017 годы. – Тараз, 2008-2018.
6. Ибатуллин С.Р., Сенников М.Н., Ибраев Т.Т. Вопросы рационального использования водных ресурсов Шу-Таласского бассейна // Индустриально-инновационное развитие-основа устойчивой экономики Казахстана: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Шымкент, 2016. – С.371-374.

УДК 551.583
МРНТИ 87.15.91

Иманбеков А.Д.¹, Тилекова Ж.Т.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ ПРИРОДНЫХ И АНТРОПОГЕННЫХ ФАКТОРОВ НА ИЗМЕНЕНИЕ КЛИМАТА ЮГО-ВОСТОКА КАЗАХСТАНА

Аннотация

